

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

К.БЕЙСЕНБАЕВА

ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ТІЛІНІҢ  
ФОНЕТИКАСЫ

АЛМАТЫ- 1995  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПА КАБИНЕТІ

Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы /оқу құра-  
лы/. Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1996 ж., 89 бет

ISBN 5-8380-1354-0

Оқу құралы қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін жан-  
жақты талдап, тіл мамандарының теориялық білім дәрежесін терең-  
детеді. Кітап педагогикалық институттар мен университеттердің  
филология факультеттері студенттеріне арналған.

Пікір жазғандар:

Аблақов А – филология ғылымдарының  
докторы, профессор;

Шалабаев Б – филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім министрлігі оқу әдіс-  
темелік бірлестігі мақұлдап ұсынған.

ISBN 5-8380-1354-0

©

©

Бейсенбаева К.  
Оқу және әдістемелік  
әдебиеттер жөніндегі  
республикалық баспа  
кабинеті

Үкіметіміз жастарға білім беруде жоғарғы оқу орынының алдына оқыту ісін өмір тәжірибесімен тығыз байланыстыру талабына сай, студенттерге берілетін лингвистикалық мамандықтың теориясы мен практикасы арасындағы алалықты жою, теориялық білім дәрежесін тереңдету, ана тілінің өзіндік ерекшелігін жете таныту сияқты зор міндеттер жүктел отыр.

Фонетикалық ерекшеліктерлі жете танудың тіліміздегі лексикалық грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерлі, оның тарихи өзгеру, даму, қалыптасу заңдылықтарын, диалектілік ерекшеліктерін жете түсінуде шешуші мәні бар; тіпті сауатты сөйлеп, сауатты жазуда, тіл мәдениетін көтеруде негізгі қызмет атқарады.

Бұл методикалық нұсқаулар қазіргі қазақ тілі курсының фонетика саласын меңгеруді жеңілдету және осы салаға арналған бақылау - пысықтау жаттығуларын сырттан оқитын студенттердің дұрыс орындауына көмек көрсету мақсатында ұсынылып отыр.

Фонетика ғылымының қазіргі кездегі даму дәрежесінен студенттердің хабарлар болуы үшін, әр тақырып бойынша негізгі ғылыми еңбектердің тізімі беріллі.

Жұмыста тек фонема, лыбыс, фонеманың лыбыстық түрлері/аллафондары/ және аллафондардың түрлері/вариант, вариация/, таңба, буын, екпін және лыбыстардың алмасуы сияқты мәселелерге түсінік беріллі.

Сөз лыбыстарының әрқайсысының өзіне тән сапалық жан-жақты ерекшеліктері бар. Сондықтан да олар тілдегі сөздерді, сөзлік ұғымдарды мағына жағынан бір-бірінен ажыратуда негізгі қызмет атқаралы. Мысалы, сөз ішіндегі тек қана бір лыбыстың түрленуі арқылы /бол-бөл, жап-тап/, немесе сол сөзге артық орналасқан лыбыс арқылы /үн-күн, ал-бал/, болмаса сөз ішіндегі лыбыстардың орналасқан ерекше орын тәртібі арқылы /қал-лақ, кеше-шеке, тарақ-рақат/ сөздердің басқа-басқа ұғымға жұмсалғы тілімізде жиі кездеседі.

Адамның сөйлеу аппаратындағы артикуляциялық дағдыларының жиынтығы бір тілге сөйлейтін коллективтің арасында өзінің қолданылу ерекшеліктерін тасырлар бойы қалыптастыру арқылы артикуляциялық база жасап отырады. Әрбір жеке адам ол дағдылы артикуляцияны ең алдымен ата-анасы арқылы және белгілі коллектив арқылы ғана меңгереді. Мысалы, қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың сөйлеу мүшелерінің қызметі орыс тілінде сөйлейтін адамның сөйлеу аппаратының қызметінен басқаша екені байқалады. Айтылуы қалыптаспаған дыбыстарлы пайдалану әдетте қиынға соғалы. Тілімізге басқа тілдерден енген сөздердің құрамында кездесетін әр тектес буын немесе сол сөз ішіндегі п, в, х, ц, ч, ф лыбыстарын кейбір қазақ оқушылары күні бүгінге дейін бұзып, қате айталы /сөзхөз-сапқөз, винтбөнт, цирк-сөрк, Фарила-Пәрилә т.б./.. Сол сияқты орыс немесе басқа халықтардың өкілдері үшін тек қана қазақ тіліне тән кейбір /к,ғ,ң/ лыбыстарлы айтудың елауір қиын болатын себебі де әр тілдің өзіне тән дағдылы, қалыптасқан артикуляциялық базасының ерекшелігіне байланысты.

Тілдің жеке мағыналы сөзлерін, сөз бөліктерін жасауға қажетті, артикуляциясы жағынан тұрақталған арнаулы мағыналы дыбыстық элементтердің жүйесі фонема деп аталады.

Фонема тілдің дыбыстық құрылысының ары қарай бөлуге келмейтін ең кішкене мағыналы бөлшегі болғандықтан, жеке сөздергі, олардың грамматикалық фонемаларын құрастырады: оларлы өзгертіп түрлендіруле негізгі қызмет атқарады; яғни сөздердің немесе қосымшалардың бірін-екіншісінен мағына жағынан ажыратып, саралап бөлуге бірлен - бір үлес қосалы. Мысалы: әл-ал, үр-үр, тол-төл, жол-жол, күш-күс,; көз - лене мүшесінің аты; кәл - табиғат көрінісінің аты; көр - әрекеттің аты; көп - әр тарапты сөз; қақ - лене мүшесінің аты; сақ - мінездік санының аты; лар - кәптік жалғауы; ар - есімшенің жұрнағы; баланы-баланың, үйле-үйден т.с.с. сөздердің ұғымын немесе әр түрлі грамматикалық мағыналарын өзгертуге себепкер болып тұрған - нақтылы бір дыбыстық элементтің басқа бір негізгі элементпен ауысып қолданылуы және бір дыбыстың не артық; не кем айтылуы, бір сөз ішінде орналасқан -орнының тұрақтылығы.

Қазақ тіліндегі негізгі сөзлік қор дыбыстарының көрінісі және қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігінің бірі болып есептелетін 29 фонема бар: а, ә, б, г, ғ, л, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ү, ш, ы, і,

Бұлар байырғы төл сөздер мен сөз фонемаларын жасаула акустика-артикуляция жағынан қалыптасқан, негізгі сөзлік қордағы барлық сөздерле қолданылатын арнаулы фонемалар.

Ал қазіргі қазақ тілі сөзлік құрамының жалпы дыбыс жүйесінде басқа тілдерден халықаралық сөздер арқылы келіп қалыптасқан 8 фонеманы/в, ф, ц, ч, щ, ә, х/қоссақ, тілімізле барлығы 37 фонема бар.

Мысалы, эмблема, энциклопедия, фабрика, архив, хлор, центнер, рычаг, щетка, қаһарман сияқты сөздер тілімізде баламасы болмағандықтан, сол бастапқы лыбыстық жүйесін бұзбай айтылып, қалыптасып кеткені белгілі.

Тілдің табиғи заңдылығы бойынша, әрбір негізгі фонеманың әр түрлі дыбыстала беретін толып жатқан түрлері/аллафондары/ болады. Олар қолданылу ерекшелігіне қарай вариант және вариация деп аталатын екі түрге бөлінеді.

Фонетика саласының ғылыми курсы тұрғысынан қарағанда, бұлардың /фонема, лыбыс- вариант, вариациялардың/ әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, бірін екіншісімен шатастырып, оларды бір-ақ фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайды.

### ФОНЕМА ЖӘНЕ ДЫБЫС

Сөйлеу дыбысы және фонема деген атауларла екі түрлі түсінік бар; екеуін бір-ақ мағынаға алып қарауға болмайды. Өйткені фонема: а/ тек бір дыбыстан емес, екі, үш дыбыстан да құралуы мүмкін /жол/дзол/-үш таңба, төрт дыбыс; ел/Яэл/-екі таңба, үш дыбыс; ки/кй/-екі таңба, үш дыбыс; киім/кйім/ - төрт таңба, бес дыбыс; ап-ақ/аппақ/ - төрт таңба, бес дыбыс т.б./; ә/ кейде екі фонема бір дыбыс болып естілуі де мүмкін /жас шөп /жащөп /; тас жол/тащол/, лаж жоқ/лажөк/; баспы/бащпы/; көз жетпес/көжетпес/; аралықтағы екі фонема айтылуға бірінебірі үйлесіп, созылықты бір /щ, не ж/ дыбыс болып естіледі; б/ кейде белгілі бір фонемасөз ішінде жойылып, нольге теңелуі де мүмкін/баралы/ барат/ - алты таңба, бес дыбыс тіс/тс/ - үш таңба, екі дыбыс т.б./.

в/ кейде бір мағыналы сөз ішінде бір фонема не одан да көп рет қайталанып келуі мүмкін. Мысалы, " бала" деген сөздің құрамында

қолданылып тұрған "а" фонемасын екі түрлі басқа фонема деп есептеуге болмайды. Өйткені бұл фонема қанша рет қолданылса да, оның жасалу жолы, үнінің мөлшері мен сапасы, фонациялық ауаның қарқын мен күші – жалпы артикуляция-физиологиялық қасиеті бірдей. Мұндайла екінші түрлі фонема болу үшін, оның/сөзден тыс алғанда/ міндетті түрле акустикалық, артикуляциялық, физиологиялық жағынан аз да болса, бірінің екіншісінен өзіндік айырмасы болуға тиіс.

Әдетте фонемалардың жасалуы, лыбыстық сапасы, артикуляциясы тұрақты болғанымен, бір сөз ішіндегі іргелес орналасқан лыбыстарының арасында, сөз бен сөздің аралығында, кей сөздің белгілі фонетикалық шектерінде т.б. толып жатқан орынларда әрбір жеке фонема бастапқы қалпын сақтап, ығри бір қалыпта айтыла бермейді. Керісінше, көптеген жағдайларда фонемалар әуелгі түрінен ауытқып, өзгеріп айтылып, кубылып естіліп отырады. Осындай жағдайлармен байланысты сөйлеу лыбысының тұрақты, негізгі түрі және сол негізгі лыбыстың ауытқыған, өзгерген түрі болатынын байқаймыз. Ал тілде түрліше кубылып естілетін, өзгеріп айтылатын жалпы толып жатқан лыбыстарды негізгі фонемалардың сөйлеулері ауытқаған түрлері/виды, аллафон / леп түсінуге тиістіміз. Тілдегі фонетикалық түрлері/ аллафонларды/ сөз фонемаларының өзіндік ерекшеліктерін тану – тіл білімінің барлық салаларына /лексикология, лексикография, морфология, синтаксис, стилистика/ тікелей қатысы бар ең өзекті мәселе.

Мысалы, күндіз, жас, тіл, тіс деген сөздерді кейбір лыбыстарының жалпы жасалу табиғаты мен айтылуы, естілуі және жазылуы бірдей емес: бірінші сөздің екі лауысты өзінің негізгі қалпымен салыстырғанда, мейлінше қысқанданып, көмәскіленіп естіледі және оның соңғысы өзүліктен ерінлік лыбысқа алмасып айтылып тұр/күндүз/; ал осы сөздің ең соңғы үяң "з" лыбысы азлы-көпті қатаңданып, "с"-қа жуық айтылады; Сол сияқты үшінші ертінші сөздердің лауыстылары

мүлде өстілмейші/тс, тл/; ал екінші сөздің басқы дыбысына басқа бір дыбыс қосылып тұр./лжас/

Немесе "тас", "тіс" деген екі сөздің құрамындағы лауыссыз "т, с" дыбыстарының жасалу табиғаты бірдей болғанымен, олар осы екі сөзге екі түрлі өстіліп тұр: бірінші сөздегі "т,с" – жуан; екінші сөздегі "т,с" – жіңішке.

Бірақ жоғарыда таллауға алынған сөздердің дыбыстары қалай өзгеріп айтылса да, олар сол сөздердің бастапқы мағыналарын өзгерте алған жоқ, ол сөздерді басқа бір ұғымға ауыстыруға себі жоқ. Осылайша, айтылуға өзгергенімен, сөздің ішкі мағынасына әсерін тигізе алмайтын дыбыс алмасуын фонемалардың аллафоны деп есептеуге болады. Аллафон өз ішінен вариант, вариация болып екі түрле қызмет етеді /вариант/-латын сөзді -*variants*: өзгеріс; бір жағдайдың, нәрсенің әр түрге түсіп өзгеруі/.

Ал "он қалам" деген екі сөздің аралығындағы бірінші сөздің соңғы тіл-тіс, үнді лауыссызы айтылуға тіл арты – артқы таңдай дыбысына алмасып өстіліп тұр/он қалам/. "н" дыбысының "ң" дыбысына алмасуы арқылы бұл сөз есептік сан есім мағынасынан сын есім /оң, сол/ мағынасына ауысып кетуі мүмкін. Немесе "Айтбаймың" деген сөздегі кісі аты екі түбірлен /айт, бай/ құралғаны белгілі. Бірақ осы сөздің айтылуында соңғы түбірдің бастапқы ұяң, ерінлік дыбысы /б/ қатаң, ерінлік "п" дыбысына алмасып өстіледі. Алмасқан дыбыстың әсері зат есімлік ұғымды болымсыздық ұғымға етістікке ауыстырып тұр /айтпаймың/.

Демек, соңғы екі мысалғағы дыбыстардың алмасуымен бірге, олардың ішкі лексика – грамматикалық ұғымдары да алмасып тұр. Осылайша, сөздің мағынасына тікелей әсер ететін дыбыстық алмасуын аллафондардың вариациясы деп қарауға болады. Төмендегі мысалдарды да қараңыз:

Жазылуудағы фонемалары:

Айтылуудағы вариациялары:

Шала ұйқы

Шалұйқы

Хосейн, Хусейн

Құсайын

көнбелі

кәмбелі

келсе

кесе

тасы ала

тасала

тай аллы

таялды

бой алып

боллып

тайы ақ

таяқ

қанба

қанба

келме

кеме

қалма

қама

карта

қарта

гири

кір

қара май

қарамай

Сөздердің дыбыстық вариация және варианттылығының пайда болу себептерін, өзгеруін, ламуын, олардың маңызын жете түсініп, меңгеру өте қажет: тілдің фонемалық жүйесі сөз бен сөзді ажыратуға негізгі қызмет атқаратындықтан, сол тілдің лексикасымен тікелей байланысты. Сөздің немесе сөз бөлшектерінің өзгеруі соларды құрастырып тұрған фонемалар санының, сапасының өзгеруі болғанлықтан, тілдің грамматикасымен де тікелей қатысты. Дыбыстардың вариант, вариациялығын жете тану әлеби тілдің тарихын айқындауға, оның бір жүйеге түсуіне де үлкен сөбін тигізеді.

Әлетте басқа тілдерден келген сөздерге негізгі фонемалар варианттық/дыбыстық, тұлғалық/ өзгерістерге түскенде, сөздің бастапқы мағынасын бұзбайды, негізгі түбірлік мағынаның тепе-теңдік қалпына әсер ете алмайды, яғни бір сөздің бірнеше

лыбыстық сыңарының тұлғасы ұқсас, тең түбірлес, бір мағыналас морфема қалпы сақталады. Осылайша, сөздің лыбыстық жүйесінің өзгеріп, даму заңдылығынан сол сөздің жарыспалы сыңайлары пайда болады. Мысалы, ештеме - ештеме - іштеме - іштеме - іждеме т.б.

Сөз тұлғасының фонетикалық өзгерісі, фонетикалық варианты, параллель/жарыспалы/ тұлғалардың пайда болып қалыптасуы - тілдің даму барысындағы ұзаққа созылған өте күрделі құбылыс: олардың жасалу жолы, фонемаларының дыбыстық варианттарға ауысу жүйесі, қолданылу сипаты тілімізде әр түрлі жүйеле қалыптасқан. Мысалы, сөздің түбірлес тұлғаларында негізгі дауысты фонеманың жуан-жіңішке, ашық-қысаң, өріндік-өзулік қалпына байланысты әр түрлі фонетикалық қатар тізгені байқалады: кітап - кітәп, пазір - пазыр, қазір-қәзір -әзір./

Сол сияқты бір сөздің дауыссыз фонемаларының да әр түрлі акустика- артикуляциялық жағынан ығайласа қатар тізген сөз сыңарларын көптеп кездестіруге болады. Мәселен, "п" фонемасының варианттары: "б" /үи аралас лыбыспен тіркескенде/: "м"/у/, "в" ; "б" , "/пь/" "мь" т.б. Мысалы, жап/жабылды/, жауып/ жамылды/ көп/көбейлі/.

Сөз құрылымындағы фонемалардың өз арасында, грамматикалық қосымшалардың дыбыстық түрленуінде және сөз аралығында пайда болып отыратын фонемалардың варианттылығын әбден түсініп алмайына, көптеген түбір сөздердің, аффикстердің, мағыналық ерекшеліктерін ажырату қиынға түседі.

Сөздің ұғымы жоқ көптеген грамматикалық тұлғалардың параллель түрлерінде алғашқы бір не екі лыбысы фонетикалық вариантқа айналып отырады. Сондықтан тілімізде аффикстердің жарыса қолданылып жүрген түрі көп. Мұндай жарыспалы көбінесе мағынасын жойып, не көмекшілік, не қосымшалық функцияға айналған сөздерде/грамматикалық нәрсеткіштерде/ қолданылады.

Бүкіл қосымша біткеннің негізгі фонемаларының түрленуінде /фонетикалық параллель тұлғалардың жарыса қолданылуында/ бір ізділік байқалады:

1.  $\frac{-лар,}{-лер}$      $\frac{-дар, -тар}{-дер -тер}$  ;    2.  $\frac{-мын,}{-мін}$      $\frac{-бын,}{-бін}$      $\frac{-пын}{-пін}$  ;
3.  $\frac{-сың,}{-сің}$     4.  $\frac{-ым,}{-ім}$     - м ;    5.  $\frac{-ың,}{-ің}$     - ң ;
6.  $\frac{-сы,}{-сі}$      $\frac{-ы,}{-і}$  ;    7.  $\frac{-лық,}{-лік}$      $\frac{-дық,}{-дік}$      $\frac{-тық}{-тік}$  ;
8.  $\frac{-ар,}{-әр}$     - р ;    9.  $\frac{-а,}{-ә}$      $\frac{-я,}{-й}$      $\frac{-п}{-п}$  ;
10.  $\frac{-ма,}{-ме}$      $\frac{-ба,}{-бе}$      $\frac{-па}{-пе}$  ;    11.  $\frac{-са,}{-се}$     12.  $\frac{-шы,}{-ші}$  ;
13.  $\frac{-ыс,}{-іс}$     - с:  $\frac{-ыл,}{-іл}$     - л ;
14.  $\frac{-рақ,}{-рәк}$      $\frac{-ырақ,}{-ірәк}$  ;    15.  $\frac{-ның,}{-нің}$      $\frac{-дың,}{-дің}$      $\frac{-тың}{-тің}$     т.с.с.

Қосымшалардың бұл сияқты параллель т.б. тұлғаларының сыр-сипаты, ерекшеліктерінің, варианттарының пайда болып қалыптасу тарихы – ең шытырман, көп дәлелді қажет ететін жағдай, Мысалы, бір қосымшаның бір дыбысын өзгерген деп тану үшін, оның бастапқы о бастағы негізгі түрі қай дыбыс еді, осыны тауып алу өте қажет.

Рас, басқа тілдерден ауысқан сөздерден бұл жағдай оңай табыла-  
тыны байқалалы. Ал қазақтың байырғы морфемаларының, әсіресе  
қосымшалардың, дыбыстық өзгеріс бағдарлауы біраз ойланулы талап  
етеді.

Қосымшалардағы, сондай-ақ кейбір шылау сөздердегі -қана/ғана,  
көне;/ ла/пе, та, те/; қой/қой/; - лы /лі, - ты, - ті/ т.б.-фоне  
малардың түрленуінің нақтылы бірін ғана негізгі фонематикалық қа-  
сиеті бар, негізгі мағыналы элемент деп, ал қалғандарын сол негіз-  
гі фонемалардың фонетикалық түрленіп дыбысталуы/аллафондары/ деп  
белгілеу - әлеби тілдің нормасы.

Лексика - грамматикалық мағынаға не сөз бөліктеріндегі нақтылы  
фонемалардың басқа түрге ауысып, түрліше жарыспалы вариант қатар-  
ларының тізілуі говорлармен немесе басқа тілдің әсерімен ғана  
пайда болады деп түсінуге болмайды, өйткені мұндай ауытқу құбылы-  
сы көбінесе сфоолиямен, қарапайым сөйлеу тілімен, жеке алампар-  
дың жасынан қалыптастырып алған артикуляциялық базасының ерекшелік-  
терімен, әсіресе артикуляциясы әр тектес фонемалардың бір сөз кү-  
рамында қатар келіп орналасула бір-біріне тигізген әсерінен пайда  
болып отырады.

Сондықтан негізгі бір фонеманың өзгеріп, ауытқуына себеп  
болатын толып жатқан фонетикалық жағдайларды жете талпап, ажырата  
алмасақ, оны шын мәнінде түсінбөсек, фонетикалық аллафондардың  
шегін ажырату мүмкін емес.

Қазіргі кезде ауызекі сөйлеу тілінде/кейде баспа сөзде де/  
сөздің аллафондары аз кездеспейді: бұндай-мұндай; сөйтіп-сүйтіп;  
сая - тайыз - таяз т.с.с. Бірақ сөздің ұғымы, мағынасы бірдей екі  
не оған да көп сөз сыңары әлеби тілде параллель/жарыса/қолданылу-  
ға тиіс емес. Сондықтан мұндай жағдайда жарыса қолданылатын бір-

неше сөз сыңарының /қазр-кәзір-хазыр-әзір/ қайсысы негізгі әлеби түрі, қайсысы қайсысының аллафоны деп танып, оларлы ажырата білу үшін, әрине, орфографиялық сөздікті басшылыққа алуға тиістіміз.

Әлеттегі тәжірибеле мағыналы сөз құрамында қолданылатын фонемалардың аллафондары "фонетикалық вариант", "грамматикалық вариант" деп екі түрле қарастырылады. Фонетикалық варианттарға жоғарыдағы мысаллардай фонеманың өзгеріп, түрленуі әбден қалыптасқан, айтылуы тілге жатық, бірақ өзінің ауысуынан сол сөздің ішкі ұғымына ешбір өзгеріс үстелмейтін/стол-үстел, -үстел-ыстол/ дыбыстық өзгерістерді жатқызуға болады.

Сонымен, ауытқып өзгерген дыбыстарды талдағанда, олардың түбір сөздің негізгі ұғымына тигізіп тұрған әсеріне көңіл бөлу қажет: сөз мағынасын өзгертетін дыбыстар вариация болады да, сөздің тек сыртқы дыбыстық түрін ғана өзгертетіндері вариант болады.

Ал кейбір сөздерде белгілі моқфеманың, сөз бөлігінің дыбыстық өзгерістерге жиі ұшырауынан фонетикалық вариант қатарлары жинақталып, бертін келе олардың мағыналық, стильлік жақтары сараланып, басқа мағыналы сөзге ауысып та кеткені байқалады. Бұл сияқты сөздердегі негізгі бір фонеманың екінші бір басқа дыбыстық түрге ауытқыған қалпын/омофон сөздерді/ жазуда ажыратып, саралап бөлу мақсатында қолдану қалыптасып та барды: мысалы: шама/күш, әл/-сама/қайдың самасы/; шақ/грамматикалық категория атауы/ - шақ/ел билеуші аламы/; шек/бір заттың шеті/ - ішек /анатомиялық дене мүшесінің атауы/; қанша-ханша, күл-гүл, қаным-ханым, тоқ-тоқ, тұзды-тұзды, ашы-ашпы, қабар-хабар, күнә-кінә, тиін-тиын, үкімет-әкімет қат-хат, қан-хан, қал-хал, қоп-хоп, дөп-топ, бұл-пұл/мата/, ауыру-ауру, үйірім-иірім сияқты сөздерде өз ішіндегі фонемаларының әр түрлі өзгеріп айтылуымен байланысты, келе - келе әр тектес мағыналық реңкке ауысып, қалыптасып кеткен түрлері де кездеседі.

Немесе кейбір дыбыстардың бір сөз ішінде не ерекше бөлініп, айқындалып, немесе мейлінше көмәскіленіп айтылуынан сол сөздің грамматикалық, кейде лексика-грамматикалық мағыналары сараланып, мүлде басқа грамматикалық тұлға ретінде қалыптасып кеткен дыбыстарын да кездестіруге болады: бармыз-барымыз, екеуіміз оқып отырмыз/"екеу" деген сөзден кейінгі "і" - тәуелдік жалғауының құрамындағы дыбыстық вариант/. Біз- екеуіміз. Мұнда "екеу" сөзінен кейін "і" ноль вариантқа айналып /жоқ/. Сонымен қатар, соңғы "міз" қосымшасы өнді тәуелдік емес, жіктік жалғауының қызметін атқарып тұр. Сол сияқты "күр"/күстің аты/ - "күрі"/босқа, текке,/: опат-опат деп сараланып кетуі де семантикалық заңдылықтарға байланысты.

Мұндағы әрбір екі сыңар сөздің грамматикалық, лексикалық ұғымдарын морфемалар арасындағы қысаң дауысты ажыратып тұр.

Осындай ерекшеліктермен байланысты, соңғы сөздердегі дауыстыны тек дыбыстық вариант емес, сөздің фонетикалық қасиеті бар грамматикалық немесе морфологиялық варианттары деп қарауға тиістіміз. Өйткені бұл варианттардың фонетикалық жағдайдан гөрі морфологияға қатысы басым.

Грамматикалық варианттар, фонетикалық варианттарға қарағанда, өте аз, грамматикалық варианттар кейбір сөз топтарының санаулы ғана материалдарына тән: ашпы/өтініп, тілек мағыналы етістік/ -ащы/лөм мағынасын білдіретін сапалық сын есім/

"Сұрау" деген сөзде - "у" формасы арқылы әрекет мағынасы басымдау сезіледі, ал "сұрақ" дегендегі "қ" формасы бұл сөзді мүлде заттық ұғымға ауыстырып тұр. "Қырку" /қой қырку, кесу, күзеу/. "Қио"/қию/-матаны қиу, қиқты кесу. "Матаны жай" деген сөзбентүбірлес -дастарханлы жай/жаз/: жуылған кірпі жай" - деген сияқты сөздің ішкі мағыналарының саралануына да бастапқы бір фонеманың /з-й/ түрленуі себепкер болып тұр.

Оқушы студент ана тіліміздің өзіндік қасиетін меңгеруде фонемалардың алатын орнына, маңызына және оларды лұрыс ажырата білуге баса көңіл аударуы қажет. Ол үшін негізгі фонемалардың нақты санын әрбір жеке фонеманың қай орында қандай түрге түсіп өзгеруі мүмкін екенін әр фонеманың қанша және қандай аллафондары/вариант, вариациялары/ болатынын біліп алуға тиісті.

## ДЫБЫС, ФОНЕМА ЖӘНЕ ӘРІП

Дыбыс, фонема және әріп үшеуі үш түрлі. Фонемалардың сөз құрамына түскенде айтылу/дыбысталу/ мен практикалық алфавиттегі таңбалануы бір-біріне сай келе бермейді. Сондықтан бұл категорияларды ажыратпай, бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болмайды.

Адам екінші біреуге өзінің ойын ауызекі түрде айтып түсіндіреді. Мұндайла сөйлемдегі сөздер фонемалардан құрылғанымен, әр фонема құлаққа әр түрлі болып естіледі.

Кез - келген нақтылы бір фонеманы әркім өз бетінше өзгертіп, басқаша жасай алмайды. Өйткені фонема - белгілі артикуляциялық орында пайда болу сапасы ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи, тұрақты нәрсе. Мысалы, " г " фонемасын жасау үшін, кез келген адам тілінің орта тұсын алдыңғы қатты таңдайға жуықтатып, сол екі артикуляциялық мүшенің арасынан фонациялық ауаны сүзілтіп сыртқа шығарады. Олай болмаған күнде " г " фонемасы пайда болмайды.

Әріп - дыбыс емес, фонеманың таңбасы. Адам екінші біреуге өзінің ойын жазу арқылы да білдіреді. Мұндайла өз ойын түсіндіру үшін, жеке фонемаларға арналып алынған әріптік таңбалар арқылы қарап бетіне түсіріп, сөз, сөйлем құрайды. Яғни фонема көзге көріну үшін оны таңбалайды.

Әріптің қай дыбысты таңбалауға қолайлы болуына қарай, адам оны керегінше өзгертіп, қолдан жасай береді. Мысалы, қазақ халқы-

ның жазуы үшін қабыланып алынған үш түрлі алфавитте/араб, латын орыс/ әрбір фонема үш түрлі таңбаланған/арапша *ع* *ا* *ب* латынша *Ca* *sa* *z* *ab* *l*; орысша - жазасын/. Бірақ үшеуін де өз кезінде нақтылы бір ғана фонема деп тануға міндетті болдық. Міне, бұл жардай әр дәуірдің өз қажетін өтеуге жарарлықтай таңбамен еркінше пайдалануына әріптерін қажетінше өзгертуіне болатынын көрсетелі.

Бұдан таңбаның /әріптің /шартты, жасанды екенін, аламның еркіндегі нәрсе екенін, оны өзгертуге, бір таңбаның орнына басқа бір таңба алуға болатынын көреміз. Демек, әріп -шартты, жасанды нәрсе. Сондықтан оны көзбен көруге, қолмен өзгертуге болады.

Әріп фонеманың таңбасы болғанымен, оның саны тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес.

Дүние жүзіндегі әр тілде сөйлейтін халықтардың көбіне жазу әріптерінің таңбасы сөйлеу тілінде кезлесетін әр түрлі дыбыстарды таңбалау үшін қолданылады. Бұған қазіргі кезде латын жазуын пайдаланып отырған неміс, ағылшын, француз тағы басқа халықтарының жазуында бір фонема, өзінің әр түрлі дыбысталуымен байланысты, кейкейде бір, кейде екі, кейде үш әріппен таңбаланып жүргені дәлел бола алады. Мысалы, неміс тілінің: *Hier Neues aus Wissenschaft und Technik* /мұнда мәдениет және техника жаңалықтары/ деген сөйлемде:

а/ тіл арты, жуысыңқы, қатаң "х" фонемасы үшін, бірде екі таңба (*Technik*); бірде бір таңба (*Hier*);

ә/ созылыққы, езулік, қысаң, "и" лауысты үшін лана екі /*Hier*/, не бір (*Technik*) таңба;

б/ жуысыңқы, аулы, қатаң "ш" фонемасы үшін үш таңба (*Wissenschaft*);

в/ еріндік, созылыққы "о" лауыстысы үшін біздің жазуымыздағы езулік "е" таңбасы (*Neues*); қолданылып тұр.

Бұл жағдай да әр тілдің өзіне қолайлы әріп/таңба/ жасау әлісі өзінің қалауымен байланыстылығын байқатады:

Біздің осы күнгі жазуымыз –ғылымның, шаруашылықтың, мәдениеттің жан-жақты өсуінің нәтижесінде сұрыпталып, белгілі жүйеге келген жазу. Демек, жазу – мәдениеттің бір саласы. Осы орайда біздің тілімізде адам баласының қатынас құралы ретінде қолданылатын жазу белгілерін таңбалау үшін, тіліміздегі фонемалардың жүйесіне жазу таңбалары қолайлы болу үшін оған қойылатын принциптер іске асырылу қажет.

Жазу болу үшін әр тілде құлаққа естілетін дыбыстарды, таңбалайтын әріптер жиынтығын/алфавит/ керек. Алфавит, тосын қарағанла, жай ғана әріптердің таңбасы, суреті сияқты болып көрінеді. Бірақ ол /алфавит/ кез келген дыбыстардың емес, тек қана нақтылы фонемалардың /яғни мағыналы дыбыстардың/ жиынтығынан құралалы, сондықтан оның практикалық тұрғыла маңызы өте зор.

1941 жылы орыс графикасына негізделген алфавитке өзіміз негізгі үш принципке сүйеніп көшкен болатын:

1/ унификациялық/бірыңғайласу принципі бойынша орыс алфавитін түгел қабылдап, сол арқылы оқу, оқыту ісін бірыңғайластырды /газет, журналдардағы орыс тілі арқылы келген, баламасы жоқ сөздерді оқи білуге, оларды қатесіз жаза білдіруге қолайлы болуы көзделді, өйткені газет, журналдар – мәдениеттің өлеулі бір саласы/;

2/ терминслогиялық принцип бойынша термин/халықаралық/сөздерді өзгертпей, дұрыс жазу көзделді;

3/ қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері бар фонемаларды түгел сақтау принципі бойынша, олардың таңбасы алфавитте бірыңғайласуы ескерілді/к-қ, г-ғ, -н-ң; о-ө, у-ү-ү-/.

Бұлардан басқа, жалпы алфавиттің принциптері бойынша, тіліміздегі әрбір нақты фонеманың өзіне лайықты жазу таңбаларының жүйесі мейлінше сай келуі көзделген. Атап айтқанда, әр фонеманы таңбалаула мынандай негізгі мақсаттар қойылады;

а/ бір фонема, мүмкіндігі болғанша, бір ғана таңба арқылы белгіленуге тиісті;

ә/ бір таңба бір ғана фонеманың белгісі болуға тиісті.

Бірақ барлық әріптің қолланылуы орфография ережелеріне тікелей бағынышты болғандықтан, іс жүзінде әр халықтың жазуында аталған екі принциптен азы-кепті ауытқулар бола береді.

Атап айтқанда, қазіргі кездегі біздің орыс графикасына негізделген жазуымыздағы фонемаларымыздың жүйесіне мына әріптер сай келмейтініне, лербес, фонема бола алмайтындығына өрекше көңіл аудару қажет сияқты:

І/ ІО, я, е, ө, таңбаларының әрқайсысы көп жағдайла екі фонеманы белгілеу үшін/я-йа, ю-йу, е-йо, -йө/қолланылады, мысалы, сөз басында: январь/ианварь/, якорь/йакорь/, юбилей/йубилей/, юрист/йурист/, лауыстылан соң: станция/станция/, статуя/статуя/, тақия/тақыйа/ сия/сыйа/, заем/зайом/, карта/кайута/, қою/койу/ телевидение/телевиденийә/: жіңішкелік және жуандық /ь, ь/ белгілерден соң: семья/семья/, печенье/печаньяә/, ателье/ательяә/, съезл/сьяәзл/, аэютант/аэьютант/, объект/обьъект/ т.б.

Кейде лауыссыздан соң олар өзінің алдындағы лауыссыздың жіңішкелігін белгілейді, мысалы: телевизор:/тьэльэвизор/, бюджет/бьйуджъет/, самолет/самол.ьот/, снаряд/снарьал/ т.б.

2/ ь/жуандық/, ь/жіңішкелік/ белгілердің мүлде пыбыстық мәні жоқ. Бірақ бұл екі белгі терминдік мәні бар сөздердің жазылуында үлкен қызмет атқарады: өзінің алдында тұрған лауыссыз фонеманың

акустикалық ерекшеліктерін белгілейді. Немесе қосымпа мен түбір сөздің арасында қатар тұрған екі дауыссыздың алғашқысы не жуан, не жіңішке, соңғысы оларға қарама-қарсы болып айтылудағы аралық жігін көрсету үшін қолданылады. Осының салдарынан бір фонема екі таңба/әріп/арқылы белгіленеді, /толь, коньки, объект, т.с.с./.

3/ Кейде әріптің саны фонеманың санынан көп те болуы мүмкін мысалы, қазақ тілінің қазіргі жағдайында 37 фонема болса, әріп саны - 42.

4/ Кейде жазуға жеңілдік турғызу мақсатымен, түбір сөз бен қосымшаның аралығында екі түрлі морфемалық фонеманы бір ғана белгімен белгілеп, жазуға таңба саны үнемдестірін жағдай да кездеседі, мысалы: оқиды - оқы-й-лы, бекиді - беки-й---ді, қою-қой-у, Абаев-Абай-эв т.б.

5/. Кейде бір таңба/ш/ өзінің қолданылу ерекшелігіне қарай, екі түрлі дыбыс жиынтығын белгілейді/кейде "шч" тіркесін, кейде созылықты жіңішке дыбыстың "ш" <sup>б</sup>" екі рет қайталануын таңбалайды/: щетка/щъщотка/, ащы/ашшы/.

#### ДЫБЫСТАРДЫҢ ТАПТАСТЫРЫЛУЫ/КЛАССИФИКАЦИЯ/

Негізгі фонемалардың жалпы табиғатын, ішкі сапалық қасиеттерін, жасалу орнын жете тексеріп, оларды бір-бірінен ажырата білу сөз ішінде, сөз аралығында кездесіп отыратын алуан түрлі дыбыс алмасуларының сырын ашуға, белгілі сөздерді, сөз бөліктерін таңбалаудағы ала-құлалықты бір ізге салуға үлкен сөбін тигізеді.

Тіліміздегі сөздердің дыбыстық құрылысын, олардың дыбыс жүйелерінің қолданылу ерекшеліктерін, әр дыбыстың өзіндік ерекше сапасын жеке дыбыстардың жабалуындағы, сол сияқты қолданылуындағы қарқынды /напряженность/, белсенділігін/интенсивность/, айтылу күшін, әлсіз-

пігін, созылықлығын/длительность/, үнін, әуенін/звучность/, ашықтығын, айқындылығын, көмескілігін, күңгірттігін, үм мен салпардың мөлшерін т.с.с. қасиеттерін толық түсініп, жақсы меңгеру арқылы ғана қазақ тілінің нақтылы фонетикалық материалына қажетті талдау жасауға мүмкіндік туады. Ол үшін мына жағдайларды жете түсіну қажет.

Қазақ тілінің қазіргі дыбыс жүйесінің ішінара сараланып бөлінуіне, оларлы арнайы топқа бөліп таптастыруға, жеке дыбыстардың белгілі орында ғана қолданылуына, бір дыбыстың екінші бір нақтылы дыбыспен не тіркесе алуына, не тіркесе алмауына себеп болатын қаншама фонетикалық ерекшеліктер болады.

Дыбыстардың әр жақты топтастырылуы қалай болса, олай бөліне салған жасанды, шартты бөліктер емес, керісінше, қандай тілдегі дыбыстар болса да, жоғарыда аталған өзіндік, табиғи ерекшеліктеріне негізделіп топталады. Сондықтан да тіл-тілдегі дыбыстардың таптастыру жүйесі, жалпы алғанда, бір тектес деуге болады.

Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тіліндегі барлық фонема, негізінен, үлкен екі топқа бөлінеді: дыбыстардың бір тобы тонмен байланысты жасалып, олар дауыстылар тобы/вокализм және өнді бір тобы салдармен байланысты жасалады, олар дауыссыздар тобы/консонантизм/.

### ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚАСИЕТІ

І/ Дауыстыларды айтқанда/вокализм/, олардың: а/ екпелен келе жатқан ауаға көмейлегі дыбыс желбезегі тосқауыл жасап, ә/ оған қарқынлы ауа қатты соқтығалы да, б/ тосқауыллы жарады; в/ сол кезде желбезекті дірілдетеді; г/ Осы желбезектің дірілінен үн пайда болады. Яғни дауыстылардың /немесе үннің/ жасалатын орны - тамақ тұсы.

2/ Қарқыны лыбыс желбөзегінде, жойып, үнге айналған ауа ауыз қуысына әлсіз, балу келелі.

3/ Дауыстарды айтқанда, үнге айналған ауаға ауыз қуысындағы артикуляциялық мүшелер/кейбір лыбыстарда болмаса/ ешқандай келергі жасамайлы. Демек, дауыстар үшін ауыз қуысындағы жол ашық.

4/. Үнге айналған ауа ауыз қуысындағы артикуляциялық мүшелердің кедергісіне ұшырамайтындықтан, дауыстар ішкі сапасы жағынан алғанда, ешбір қосындысыз таза үнмен тұрады, салпыры жоқ.

5/. Дауыстарды айтқанда астыңғы жақ төмен түсіп, ауыз қуысы кеңейеді және ондаған ауаның мөлшері де көбейеді. Осымен байланысты, дауыстардың үн сапасында жаңғырық та /резонанция/ мол болады.

6/. Дауыстарды айтқанда, ауыз қуысы жылжымалы/актив/ мүшелердің /тіл, ерін, жақ/ қолданылу жағдайына қарай, өзінің түрін, көлемін өзгертіп, әрқилы түрленіп отырады. Бірақ сөйлеу мүшелерінің бір-біріне жуықтау, түрленуі, қалыптарын өзгертуі үнге айналған ауаға келергі жасай алмайды. Сондықтан ауа сыртқы біркелкі, баяу түрде шыға алады.

7/. Ауаның ішкі сапасы таза үнмен тұрғандықтан, дауысты лыбыстардың үнін көтеріп, соза беруге, тіпті әуендетуге де болады; сол сияқты, олардың үнін төмендетіп, ықшамдап, қысқартуға, айқынлауға көмескілеуге, күшейтуге, бәсеңдетуге, жіңішкертуге, қатайтуға т.с.с. жан-жақты құбылтуға мүмкінлік мол.

8/ Дауысты лыбыстар сөз ішінде буын жігін құрайды және дауыссыз дыбыстармен тіркесе алады.

Жоғарыдағы нақты жағдайлар – барлық тілдердің дауыстары үшін ортақ қасиет. Мысалы, қазақ тілінің қазіргі жағдайына қолданылып жүрген 12 дауысты фонеманың бәріне де /а, ә, о, ө, у, ұ, ы, і, и, ә, е/ жоғарыда көрсетілген фонетикалық қасиет тән. Сондықтан да

бұл І2 дыбыс " лауыстылар" леп аталатын негізгі үлкен топты құрастырады.

Бірақ жалпы лауыстылар тобына жататын осы І2 дыбысты салыстырып байқасақ, олардың бір-біріне ұқсамайтынын, әрбір жеке лауысты дыбыстың акустикасына өзіндік ерекшелігі бар екенін көреміз. Бұл ерекшеліктер, негізінен, жақтың және ерін мен өзудің әр түрлі қолданылу қалпына қарай резонаторлық ауыз қуысы бірде кеңейіп, бірде тарайып, бірде жазылып, бірде сүйірлене дөңгеленіп, өзінің көлемін түрлендіріп отыруынан: сол сияқты, тілдің қолданылу қалпына байланысты ауыз қуысының не алдыңғы шегіндегі, не артқы шегіндегі ауа мөлшерінің өзгеріп/не молайып, не азайып/ отыруынан пайда болады.

Демек, әрбір жеке дыбыс белгілі бір ғана сөйлеу мүшесі арқылы жасалмайды, керісінше, бір дыбыс барлық артикуляциялық мүшелердің қарым-қатынасынан, олардың артикуляциялық қызметтерінің жиынтығынан жасалып қалыптасқан, ұштасқан, ортақ фонетикалық қасиеттерден туады. Сондықтан бір дыбыстың өзі тектес басқа дыбыстардың ерекше өзгеріп естілуіне сол дыбыстың жасалуына қатысатын әр түрлі сөйлеу мүшесінің өз қалпын өзгертіп отыруы үлкен себеп болады. Мысалы, "О" және "Ө" дыбыстарын салыстырсақ, екеуінде ортақ фонетикалық жағдай көп: а/ дыбыс желбезегінің пірілінен жасалған үчі; ә/оның күлінің баяулығы, созылықлығы, көтеріңкілігі, айқынлығы; б/үнге айналған ауаның сыртқа келергісіз шығуы; в/ ауаның ешбір қосынды салдыр элементінсіз үннен тұруы: г/ астыңғы жақтың төмен түсуі арқылы ауыз қуысының кең ашылуы; д/ ауыз қуысының кеңөріммен байланысты, сол орынла ауаның молаюы; е/ екі еріннің сүйірленуі арқылы ауаның сыртқа шығар жолының тарылуы- бәрі де бұл екі дыбыста бірдей деуге болады.

Ал осы екеуінің құлаққа естілуі /акустикасы/ бір емес, екі түрлі: бірі жуан естілсе, екіншісі жіңішке естіледі. Бұл ерекшелік тілдің қызметі арқылы пайда болып тұр. "О"-ны айтқанда, тіл артқа

жиырылады да, бүкірейіп, артқы жұмсақ таңдайға жуықтайды. Осы кезде ауыз қусынының алдыңғы жағына ауа молаяды; "Ө" -ні айтқанда, тіл алға созылып, өзінің алдыңғы шегін сүйірленкіреп, үстіңгі тіс пен алдыңғы қатты таңдайға жуықтайды. Бұл кезде ауа ауыз қусының артқы жартысына ауысады.

Сол сияқты әр түрлі фонетикалық себептермен байланысты, барлық дыбыстардың сараланып қалыптасуына айтарлықтай ұқсастықтар болуымен қатар, елеулі ортақтық ерекшеліктері де бар. Осындай акустика-артикуляциялық ерекшеліктерге негізделіп отырып, қазіргі қазақ тіліндегі дауысты 12 фонеманың өз ішінен шартты түрде негізгі үш топқа бөлінген қалпын нақтылы фонемаларға фонетикалық жан-жақты анализ жасай отырып мөңгеріп алу қиынға түспейді. Атап айтқанда:

1/. дауыстыларды айтқандағы жақтың ашылу дәрежесіне қарай;

ашық дауыстылар: а, о, е, э, ө, - 6  
қысаң дауыстылар: у, ү, ұ, ы, і, и - 6

2/. Осы дауыстылар айтылғандағы еріннің қатысу қалпына қарай:

езулік дауыстылар: а, э, е, ы, и, і, э, - 7  
еріндік дауыстылар : о, ө, у, ү, ұ. - 5

3/. Осы дауыстылар айтылғандағы тілдің қатысу қалпына қарай:

тіл арты/немесе жуан/ дауыстылар: а, о, у, ы  
тіл алды/немесе жіңішке/ дауыстылар: э, ө, у, і, э, ө  
болып сыңар /корреляция/ тізеді.

Қазақ тілінде бір буын арасындағы /бол, бөл/ дауысты дыбыстың не жуан, не жіңішке қолданылуынан сол дауыстыны қоршап тұрған дауыс-сыздардың бәрі де бірде жуан, бірде жіңішке болып естіледі. Сонымен қатар дауысты дыбыстың жуан не жіңішке түрімен байланысты

сол сөздің лексикалық мағынасы өзгеріп, жаңа сөз жасалып отырады: тол-төл, ал-әл, ыс-іс, үн-үн. Осындай мағыналы ерекшелікпен байланысты қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны көп - 12 фонема.

Сонымен, бұл бөлінген топтардың жан-жақты фонетикалық қасиеттерін жинақтай келгенде, әрбір жеке дауыстыға бірнеше мінезге беруге тиістіміз.

Әрине, әр топқа жеке дауыстыны бір-бірімен салыстырғанда, олардың ара қатынастары бірдей емес. Мысалы, ашық дауыстылар тобындағы "а" және "ә" фонемаларының ашықтығын тең деп қарастыруға болмайды. Өйткені "а"-ны айтқанда, жақ орташа ашылады да, "ә" -ні айтқанда, жақ мейлінше кең ашылады. Осы сияқты өзіндік айырма, ерекшеліктер бөлінген үш топтағы барлық дыбыстарға да болуға тиісті.

Сонымен бірге әрбір нақтылы фонема сөйлем ішінде, буын саны әр түрлі сөздер ішінде орналасуына, қандай дыбыспен тіркесуіне байланысты өзінің жоғарыдағы шартты мінездемесінен ауытқып, мүлде өзгеріп кетіп, олардың /негізгі фонема мен оның ауысқан вариантының /арасында үлкен-үлкен айырмашылықтар болып отыруы заңды екенін және дыбыстарлы бұлайша топтастыру тек шынайы шартты теориялық жағдай екенін ұмытпауға тиістіміз.

Дауысты фонемаларды таңдағанда, әрбір жеке дауыстыны жасап тұрған үннің ішкі сапасының да түсініп ажырата алу - шарт. Тіл ғылымында үнге айналған ауаның ішкі сапасына қарай, дауысты фонемалар әдетте үш түрле қарастырылады: монофтонг, дифтонг, трифтонг.

а/ Монофтонг - арасында ешбір артық қосындысы жоқ, таза үннен ғана жасалған дауыстылар. Бұл топқа ауаның сыртқа шығар жолы мейлінше ашық немесе орташа ашық дауыстылар жатады. Қазіргі қазақ тіліндегі а,ә,ы,і,ү,у,о,ө,е фонемалары - жалаң дауыстылар, яғни монофтонгтар болып есептеледі. Бұлардың алғашқы 7-уі әрқашан таза монофтонгтар.

ә/ Егер лауыстылардың айтылуында ауаның сыртқа шығар жолы неғұрлым тар болса, ондайла дыбыстар осы тар жолдан қысылып сыртқа шығарда, негізгі үнге азлаған қосынды үн үстеп алады. Басқаша айтқанда, ауа тар жолдан сүзіліп, жан-жағын қоршаған сөйлеу мүшелерінен сығылысып шығарда оған үстеме, жанама үн қосылады. Осыдан дифтонг дыбыстар пайда болады. Демек, дифтонг дыбыстарға үннің сапасы біркелкі таза емес, бөліп-жаруға келмейтін екі үннің қосындысынан бірігіп, жинақталған тұтас бір фонема пайда болады. Дифтонг дыбыстарды жиынды екі дыбыстың негізгі үн анық : көтеріңкі айтылады да, жанама қосынды үні оған қарағанда, едәуір кәмескі бәсең солғын айтылады.

Қай тілде болса да, дифтонгтардың жасалуында негізгі үнге сәлбесіп, үстеліп жүретін екі түрлі " " /в/ " " /й/ қосынды элемент болатынын әскеруге тиістіміз/.

Дифтонг дыбыстардың жасалуында осы қосынды элемент/"в" немесе "й"/ негізгі қай жағынан сәлбесіп орналасуына байланысты, олар әдетте ашық /восходящий/ - тұйық/нисходящий/ дифтонгтар болып екіге бөлінеді.

Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің құрамында қолданылатын лауыстылардың екеуі дифтонг болып есептеледі; бірі - "у"; екіншісі "и".

"у" - тұйық дифтонг. Бұл фонеманың жасалуында ауаның өкпемен ауыз қуысына келе жатқан жағы жолы ашық, келергісіз, сондықтан айтуың алғашқы кезінде ауасы мол, "у" "ы" немесе "у"., "и" таза үн естіледі. Бірақ ауаның сыртқы шығар жолы екі еріннің мейлінше сүйірленіп тарылуына байланысты болғандықтан, ол өзіне азлаған ысқырық тәрізлес үн қосып алады да, ауа жолының ең соңында мейлінше қысаң естіледі, яғни негізгі дыбыс жасайтын үн екі элементтің араласқан қосындысына /у, ыу, уу, іу/ айналады.

"И" - бұл да тұйық дифтонг. Бұл фонеманың жасалуында да ауаның тіл алды мен алдыңғы таңдайға дейінгі бастама жолы ашық, сондықтан алғашқы үн қуысының ортасында таза сапалы "Ы", "І" үн естіледі. Ал ауаның сыртқа шығар жолында тілдің алды алдыңғы қатты таңдайға көтеріліп, оған сүйірлене келіп жуысалы. Бұл аралықтағы ауаға арналған жол мейлінше қысқы болғандықтан, ауа өзін қоршаған артикуляциялық мүшелер арқылы сүзіліп өту кезінде өзіне ызың тәрізлес аздаған шулы үн/" / қосып алады да, алғашқы үннің таза сапалық қалпын бұзалаы. Сөйтіп, "И" фонемасының ішкі сапасы да қосынды үн мен шулың жиынтығына "ый" "ій" / құралады.

Дифтонг фонемалардың дауыстылардан гөрі дауыссыздарға жақын өзіндік мынандай ерекшеліктері бар ;

1/. Таза үннен жасалған монофтонг дауыстылардың жолы тек қана ашық болса, дифтонг дыбыстардың жолы құранлы - ашық-қысаң болады.

2/. Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің құрамындағы таза үннен жасалған монофтонг дауыстылар бір сөз ішінде екінші монофтонг дауыстымен қатар тіркесе алмайды/бала-ы дегуге болмайды, бала-сы; қа-ра-ып дегуге болмайды, қара - п т.б./.

Ал дифтонг фонемалар өзінің құрамындағы екі түрлі /үн-шу/фонетикалық элементтің есесінен дауысты дыбыспен де /тау, биыл/ дауыссыз дыбыспен де/ту, ки/ оңай тіркесе алады.

3/. Құрамында қосынды шулың элементі болғандықтан, дифтонг дыбыстар өзінен соңғы қосымшаны, дауыссыздар сияқты, монофтонг дауыстыдан бастап қабылдайды/тау+сы дегуге болмайды, тау+ы, би+сі емес, би+і; ки+м дегуге болмайды, ки+ім; жи+н. емес жи+ын/.

4/ Таза монофтонг дауыстылар қандай фонетикалық жағдайда қолданылса да, тек бір ғана жеке буын құрайды/ба-ла, е-лім / .Ал дифтонгтар дыбыстар , егер сөз ішінде дауыссызбен тіркей келсе, ондай

сөздерлі ауызша буынға бөлгенде, олардың негізгі ашық элементі бір буынға, екінші қосынды шу элементі екінші буынға бөлініп кетеді /иіл=I+йіл; Иса= И+йса; жуын = жу+ уын; күс=ку+уә/.

5. Өзін құрастырып тұрған үш сапасы әр түрлі болғандықтан, дифтонг "У", "И" фонемалары сөз ішінде, дауыссыз фонемалар сияқты, өзін қоршаған басқа дыбыстардың әуеніне үйләсіп, акустикасын кейде жуан, кейде жіңішке етіп түрлендіре алады. Бұл жағдай да монофтонг дауыстыларға тән емес/өкеу, алтау, әуен; тиін, тиын; жиле, қинн, су/.

6. Дифтонг "У" фонемасы сөз ішінде дауыстылардан соң келсе немесе екі дауыстының арасында қолданылса, өзінің құрамындағы негізгі үн сыңарын мүлде жойып, тек қосынды сыңарын ғана сақтап қалады. Сөйтіп, олар мұндай сөздер ішінде, дауыссыз дыбыстар тәрізді; өз алдына жеке буын құрай алмай қалады/жауап - жа-у-ап емес, жа=уап, тау - та=у емес тау; әуен - әу-ен емес, әуен т.б./

"У" фонемасы өзінің қолданылуында мейлінше қысқа аяқталатыны қазықтан басқа ұлттарға айқынырақ сезілсе керек. Мысалы; "Көкшетау" деген сөздің ең соңындағы "у" фонемасын орыс жолластар акустикасына қарай "Кокшетау" деп, тіпті дифтонг дыбысты салдырып басым ұяң дыбыс арқылы қолданып жүр.

б/ Бұлардан басқа қазақтың байырғы сөздерінде кейде монофтонг, кейде дифтонг дәрежесінде қолданылатын үш фонема бар. Олар "О", "Ө", "Е".

Бұлар көптеген сөздерде/борыш, бөрік, үйлер т.б./ әрқашан таза бір үн арқылы қолданылады да, ешбір қосынды сыңарсыз монофтонг болып есептеледі.

"О", "Ө", "Е" фонемалары қазақтың бір буынды байырғы сөздерінің басында келсе, екі элемент арқылы қосалқыланып ашық

дифтонг сапасына қолданылады. Мысалы, ол/уол/, от/уот/, ел/йэл/  
т.б. Немесе орыс жолдастар қазақтың аты "О", "Ө" "Е", фонемаларынан басталатын болса, мұндай сөздердің басына дифтонг лыбыстардың алғаш сыңарын ғана сақтап айталы: Орал-Урал/Уорал/; Оскенбай - Ускенбай /Уөскенбай/; Есенов - Исенов /Иэсенов/; Омар-Умар /Уомар/; Өмірзақ - Умірзақ/Уөмірзақ/; Еркінбек - Иркінбек /Иэркінбек/ т.б.

Бұл "о", "ө", "е", фонемаларының сапасы екі түрлі: осы лыбыстарға арналған жолдың алғашқы бастамасы өте қысқы да, соңғы жолы мейлінше ашық/уо, уө, је / . Сондықтан бұлардың бір буынлы сөздердің алдында естілуі - қосалқы сыңарлы, ашық дифтонг. Ал испан тілінде үш үн сыңарлы да дауысты - трифтонг/троегласие/ бар.

Дифтонг пен трифтонг категориясы туралы қажетті толық мәліметті көрсетілген еңбектерден алуға болады.

Вокализм категориясына байланысты анализ жүргізгенде, ерекше есте сақтайтын жағдайлар бар. Қазіргі қазақ тіліне кірген қалық-аралық сөздердің фонетикалық жағдайында олардың орыс тіліндегі айтылуымен үкестік анықтамаларында ортақтық болумен қатар, әр тілдің ішкі заңдылықтарына сай туып қалыптасқан, өзіндік ерекшеліктері де болады. Сондықтан орыс тілі арқылы келген сөздердің фонетикалық құрылысын, оның азлы-көпті ерекше заңдылықтарын санағы түрде түсініп, әрпайым ескере отыру жөн.

1. Дауысты фонемалардың саны бірдей емес, қазақ тілінде 12 дауысты фонема болса, орыс тілінде - 6 /а, о, ы, и, у, ө/.

2. Қазақ тілінің байырғы сөздеріндегі дауыстыларды естілуіне және тілдің қатысына қарай жуан/тіл арты/, жіңішке/тіл аллы/ деп жұптастыра бөлу - негізгі заңдылық, қазақ сөздеріндегі дауыстылар-

дың не жуан, не жіңішке қолданылуына байланысты сол сөздің лексика-, грамматикалық мағынасы өзгеріп отырады. Демек, қазақ тіліндегі дауыстылардың жуан=жіңішке болып алмасуы сөз тудырудың негізгі бір тәсілі болып есептеледі. Мысалы: сал-сәл, үн-үн, тий-ти, ос-өс; ал-әл, қыр-қір, тыс-тіс, сан-сән, күнлыс-күнліз, от-өт, ыс-іс, бол-бөл.

Орыс тіліндегі сөздерде де дауыстылар жуан-жіңішке болып есептеледі, бірақ дауыстылардың жуан-жіңішке айтылуы сөздің ішкі лексика-грамматикалық ұғымдарына әсерін тигізіп, өзгерте алмайды, яғни лексика-грамматикалық қызмет атқара алмайды. Сондықтан орыс сөздеріндегі дауыстылар мұндай топтарға бөлінбейді.

3. Қазақтың байырғы сөздерінде дифтонг фонемалар /у, и/ сөз басындағы 0,θ,e/ бар; ал орыс тілі арқылы келген сөздерде дифтонг жоқ; барлық ö /а,о,у,ы,э,и/ - монофтонг. Мысалы, -"жизнь, булет" деген сөздердегі "у", "и" дауыстылары - монофтонгтар.

4. Қазақтың байырғы сөздеріндегі "е" фонемалық қызмет атқарады; ал орыс тілі арқылы келген сөздердегі "е" - тек қана "э" фонемасының таңбасы. Мысалы, "кел" ; "ел" сөздеріндегі "е" - "э" фонемасының тек қана таңбасы. Демек, орыс тілі арқылы келген сөздер мен сөз фонемаларындағы "е" - ні фонема деп тануға болмайды.

5. Қазақ сөздеріндегі дауысты фонемалар өзінің дыбыстық сапасын сақтап, айқын қолдану артикуляциясын қалыптастырып дағдыланған. Мысалы, "қалаларымызла" деген сөздің құрамындағы дауыстылардың бәрі дерлік өз қалпын сақтап тұр, басқаша айтылып тұрған жоқ.

Ал орыс тілінде дауысты фонемалар айқындық сапасын тек қана өзіне екпін түсіп тұрғанда сақтайлы. Ал екпін түспеген жағдайдағы дауысты фонеманың айтылуы мүлде басқаша. Дауыстылардың өзіне екпін түспеген кезде релукциялануы - орыстың сөйлеу әлеби тілінің негізгі заңдылығы. Мысалы, мына сөздердің жазылуы мен айтылуы екі түрлі; колхоз-қалхоз, соахоз-сапқоз, шахматы - шақыт, каникулы-кәнікул, минута-муйнет, газета-гезит, т.б. Мұндай заңдылық қазақ тіліне тән болмағандықтан, орыс тілі арқылы келген сөздер біздің тілімізге әр түрлі жағдайда қолданылып жүр. Мысалы:

1. Қаладан алыс жерлердегі қазақ мектептерінің оқушылары орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздердегі дауысты әріпті қалай жазылса, солай оқып, айтуға тырысады: паровоз, самолет, космонавт, сияқты сөздердегі барлық дауыстыларды өзінің ана тіліндегі дауыстыларға тән артикуляциялық өрекшеліктерді сақтай отырып, өзгертпей айтуға тырысады. Әрине, бұл дұрыс емес.

2. Немесе осындай сөздерлі қалай естісе, қазақ тіліндегі дауыстылардың заңдылығына сай, сол қалпын сақтап жазуға тырысады: сөфхоз, филалогия, совет, коллектив т.б.

3. Ал шахматы, пельмени, каникулы, финансы, газета, минута, сутки, секунда сияқты көптеген сөздердің соңғы "ы", "и", "а" дауыстылары екпін түспегендіктен, естілмей тұрғанын және олардың/ы, и, а / жай ғана фонема емес, зат есімнің санлық категорияларының грамматикалық айрықша көрсеткіші екенін көптеген қазақ мектебінің оқушылары мүлде түсінбеуі де мүмкін.

4. Орыс тіліндегі дауыстылардың екпін түспеген кезде релукциялану заңдылықтарына байланысты, қазақ сөздерінің көбісі, әсіресе "о" арқылы жасалғандары, орыс тілінде қате айтылып, жазула да со-

лай қалыптасып отыр. Мысалы; Орал-Урал, отар - атар т.с.с.

Осындай жағдайлармен байланысты, тілдегі фонетикалық факторларды талпағанда, әр тілдің өзіне тән табиғи материалына фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, анықтама беру қажет. Әр тілдегі өзіне тән фонетикалық ерекшеліктерге байланысты заңдылықтарды терең таллап, саналы түрде жете түсіну шарт.

5. Қазақтың байырғы сөздері мен орыс тілі арқылы келген сөздердегі дауысты дыбыстардың таңба санында да айырма бар, атап айтқанда:

а/ қазақтың байырғы сөздерінде дауысты фонема - 12 /а,э,о,е, у,ү,ұ,ы,і,и,е,ә/ ; дауысты әріп - 15 /а,э,о,е,ү,у,ұ,ы,і,и,е,э,я,ю,е/.

ә/ орыс тілі арқылы келген халықаралық сөздерде дауысты фонема - 6 /а,о,ы,у,и,ә/; дауысты әріп - 10 /а,о,у,ы,и,э,я,ю,е,е/.

Дауысты фонемаларды ажыратып талпағанда, әрбір жеке дауыстының сөз ішінде қалай қолданылып, орналасатынына да көңіл аудару қажет. Қай дауыстының қандай орында қолданылмайтынын байқау керек. Дауысты дыбыстың бажапқы дыбыстық сапасын толық сақтап, анық, ашық айтылуы немесе өзінің бастапқы сапасынан мүлде өзгеріп, басқа сапада айтылуы сол дауыстының бір сөз ішіндегі белгілі орында қолданылуы не қолданылмауына, болмаса сөз ішіндегі нақты бір дыбыспен тіркесе алу қабілетіне байланысты. Мысалы, тілімізге ерте-еректе ауысқан " стол", " русь" сөздеріндегі ерінлік дауыстылардың өз орындарын ауыстырып айтылуы осы дауыстылардың қазақ тілінде орын талғап қолданылатындығына бірден бір дәлел бола алады. Оған себеп:

І/. қазақтың байырғы сөздері қатар тұрған екі дауыссыздың тіркесінен басталмайды;

2/. сөз басында үнді "р","л" дауыстылары келсе, әдетте олардың алдында сәлбескен дауысты дыбыс естіліп отыратыны па тілімізде қалыптасқан құбылыс ;

3/. осындай ерекшеліктерге байланысты " русь, " стол" сөздеріндегі ерінлік " у" , "о" дауысты фонемалары сөздің алдына қарай жылжып қолланылған да, өздерінің орындарында езулік "ы" , " е" фонемаларының келуін талап еткен, сонан "русь-орыс", "стол-устел"

болып қалыптасқан. Сол сияқты, шығыс тілдері арқылы келген "мағлұмат" деген сөздің ішкі дыбыстық құрылысы әр тектес фонемалардан құралған: і/"м,л".м.т", - тіл аллы - тіс дыбыстары/палаталь/ да, 2/ "а,ғ,у,а" -тіл арты дыбыстары, яғни алғашқы топтың акустикасы жіңішке естіледі, ал соңғы топтың акустикасы жуан естіледі. Мүндай бір сөз құрамында әр тектес фонемалардың келуі қазақ тілі сөздерінің құрылысына жат, дағдылы емес. Осымен байланысты: а/ тіл аллы- тіс дыбыстарының жіңішке акустикасына үйлесіп, тіл арты дауыстылары да жіңішке варианттарға айналған; ә/ тіл аллы дыбыстармен қатар тұра алмайтын тіл арты "ғ" сөз ішінен ітүсірілген: б/ ал ерінлік "у" ортала қолданылуы жат болғандықтан, " і" -ге ауысқан. Осылайша " мағлұмат" сөзінің "мәлімет" сыңары қалыптасқан.

Бұл мысалдардан әр тілдің фонетикалық категорияларында айтарлықтай үлкен айырма кездесетіні анық көрінеді. Сондықтан сөздерге фонетикалық анализ жүргізгенде, қазақ тілінің өзіндік нақтылы материалды жақсы түсініп, фонемалық варианттардың сырын ашуға, пайдала болу себебін білуге талаптанған жөн.

Сонымен, әр дауыстыны жеке алып, арнайы жан-жақты анализ жасағанда, ел алдымен олардың барлық дауыстылар ортақ белгілерін ажыратып алу қажет те, сонан соң ішінара әр дауыстының өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталып, әрқайсысына жан-жақты толық қысқаша мінез-

дәме берген дұрыс. Мысалы, "А" дауыстысы былайша жинақтауға болады:

"А" фонемасы:

- 1/ Жасалу орны – тіл артқа шегініп, ортасы сәл көтерілген; акустикасы жуан;
- 2/. Жасалу жолы – астыңғы жақ төмен; ауыз қуысы орташа ашық; ауа қуыс орынға түгел жайылған;
- 3/. Жасалу тәсілі – екі езу артқа сәл шегінген: астыңғы өрін сәл төмен созылыққы; ауа сол ашық жол арқылы сыртқа біркелкі шығады;
- 4/. Үн сапасы – қосындысы жоқ, жалаң /монофтонг/; үні таза, орташа көтеріңкі, айқын;
- 5/. Сыңары /корреляциясы/ – тіл алды, жіңішке "ә" фонемасы;
- 6/. Қолданылуы – орын талғамайды/универсал/, тек тіл ортасы-орта таңдай "к", "г" -лермен тіркесе алмайды;
- 7/. Қазақтың байырғы, төл фонемасы, халықаралық сөздерге ортақ.

#### Д А У Ы С С ы З Д А Р /консонантизм/

Дауыстылармен салыстырғанда, дауыссыз фонемалардың мынадай өзіндік ерекшеліктері оларды бір топқа топтастыруға себепкер болады:

1/. Дауыссыз фонемалардың басым көпшілігі тамақ қуысында дыбыс желбезегінің кедергісіне ұшырамайды, сондықтан олардың көбісінде үн болмайды, тек қарқынды ауа арқылы жасалады. Дауыссыздардың кейбіреуінде ғана дыбыс желбезегінің аздаған кедергісінен пайда болған, көтеріңкі емес, тек бәсең ғана үн болады. Үні жоқ, тек қарқынды ауамен салдырдың қарым-қатынасынан жасалған дыбысты көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайды: олардың естілуі күңгірт, төмен болады.

2/. Көмейде кедергіге ұшырамаған ауа дауыссыздарды айтқанда, ауыз қуысына өте күшті қарқынмен келеді.

3. Дауыссыздардың айтылуында ауыз қуысы тар ашылады: астыңғы жақ кетеріңкі келіп, ауыз қуысындағы ауа дауыстылардағыға қарағанда, аз мөлшерде болады.

4/. Ауыз қуысы тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген ауа ауыз қуысындағы әр түрлі артикуляциялық мүшелермен қатты соқтығысады. Осы соқтығысудан пайда болған салдырдан дауыссыз дыбыстар жасалады. Демек, дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны - ауыз қуысы.

5/. Дауыссыздардың жасалуында ауаның ауыз қуысындағы жолы тосқауылш, бөгелулі болғандықтан, сыртқа ауа қашан да әр түрлі кедергілер арқылы шығады.

6/. Үнсіз қарқынлы ауаның ауыз қуысындағы артикуляциялық мүшелердің толып жатқан бөгеттеріне соқтығысуынан пайда болған салдыр сөз ішінде буын құрай алмайды. Олар көбінесе тек дауысты дыбыстармен қатар тұрып, дауыстының үнін селбесін ғана естілуі мүмкін. Осындай ерекшеліктермен байланысты олардың "дауыссыз" деген аты пайда болған.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген дауыссыздар жүйесінде 25 фонема бар: олар: б, п, в, ф, д, т, з, с, ж, ш, щ, ч, ц, г, к, қ, ғ, м, н, ң, л, р, х, й, і.

Бұлардың арасынан бір фонема /І/ шығыс тілінен келген кейбір сөздерде қолданылса/қаһарман, гауһар, т.б./ 5 фонема /в, ф, х, ц, ч/ көбінесе орыс тілі арқылы келген халықаралық сөздерде қолданылады. Ал қалған 19 дауыссыз фонема қазақтың сөздік қорындағы байырғы сөздерде жұмсалады. Қ, ц, ғ - лан басқа 16 фонема, сөйлеу мүшелерінің артикуляциялық қызметі жағынан алғанда, орыс тілі арқылы келген сөздердегі дауыссыздардың жасалуымен бірдей дәуге болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар /қ,ғ,к,г -пен басқалары/ сөз ішінде өзін қоршап тұрған дауыстылардың әсерінен олардың не жуан, не жіңішке айтылу әуеніне үйлесіп, бір дауыссыз кейле жуан /тал, сан, жыл/. кейле жіңішке/тіл-тыіль, сән - съәнъ, жіп-жыпъ/ түрле түсіп, ауытқи берелі. Бірақ қазақ сөздеріндегі дауыссыздардың жуан, жіңішке түрге ауысуы ол сөздің ішкі мағынасын өзгерте алмайды, Сондықтан қазақ сөздеріндегі дауыссыз фонемалардың жуан, жіңішке болып құбылуы тек сол негізгі фонеманың варианты ғана болып есептеледі де, фонема санына әсерін тигізе алмайды.

Ал тілімізге орыс тілі арқылы ауысқан сөздердегі дауыссыз фонемалардың не жуан, не жіңішке естілуі тек сөздің қыртқы дыбыстық тұяғасын түрлендіріп, жай ғана вариант жасап қоймайды, сол сөздің ішкі мағынасын да өзгертіп отырады. Мысалы:

галька - малта тас

галка - қарғаның бір түрі

банка - қалбыр

банька - кішкене монша

улар - соққы

уларь - үр, қойып қал т.б.

Сөздің лексикалық мағынасын дауыссыз фонемалар өзгертіп отыратын болғандықтан, жуан дауыссыздардың жіңішке түрге алмасуы орыс тілінде жаңа сөз жасаудың негізгі жолы болып қалыптасады.

Дауыссыздардың жуан және жіңішке болып бөлінуі, негізінен, тіл ортасының қалпына тікелей байланысты: тілдің орта шегі алға тамаң көтеріліп, алдыңғы қатты таңдай мен үстіңгі тіске жылжыған кезде барлық дауыссыз дыбыстар да жіңішкекіп естіледі. Бұл - жіңішке дауыссыздардың өзіне тән жалпы артикуляторлық ерекшелігі палатализациялануы.

Орыс тіліндегі дауыссыздардың палатализациялануы негізгі сөзлік мағынаға әсер ететін болғандықтан, ол тілдегі әрбір дауыссыздың жуан түрі - бір фонема, жіңішке түрі - бір фонема болып есептеледі. Осы жағдаймен байланысты, орыс тілі арқылы келген сөздеріміздегі дауыссыз фонемалардың саны екі есе дерлік көп: 36 дауыссыз фонема бар/б, б<sup>б</sup>, п, п<sup>п</sup>, в, в<sup>в</sup>, ф, ф<sup>ф</sup>, л, л<sup>л</sup>, т, т<sup>т</sup>, з, з<sup>з</sup>, с, с<sup>с</sup>, ж, ш, щ, ч, ц, г, г<sup>г</sup>, к, к<sup>к</sup>, х, х<sup>х</sup>, м, м<sup>м</sup>, н, н<sup>н</sup>, л, л<sup>л</sup>, р, р<sup>р</sup>, й/

Бұлардың арасынан әрқашан тек қана жуан болып ж, ш<sup>а</sup>, ц<sup>е</sup>/ жіңішке сыңары жоқ/ фонемалары және әрқашан тек қана жіңішке болып /жуан сыңары жоқ/ ч<sup>е</sup>, щ<sup>а</sup> фонемалары есептеледі.

Қазақ сөздерінде әрқашан жуан буындағы талғап жұмсалатын к,г, мән әрқашан жіңішке буын талғап қолданылатын к,г, фонемаларының талғампаздығын ескермегенде, жаңа сөз жасау функциясы дауыстыларға тән дегенбіз /он-ә-, үш- үш, қыл-кілт, сал-сәл, қиық-қиік.т.с.с./ Сондықтан орыс тілімен салыстырғанда, қазақ тілінде дауысты фонема саны көп/қазақ тілінде -12, орыс тілінде - 6/, дауыссыз фонема саны аз/ қазақ тілінде - 25, орыс тілінде - 36/

Сөз жасау тәсілдері тіл салаларының қарастыратын негізгі мәселелерінің бірі болғандықтан, фонемалардың осындай қасиеті мен ерекшеліктерін толық меңгеру, жете тексеру - әрбір тіл маманының әсіресе мектеп оқытушыларының, жауапты міндеті.

Орыс тілі арқылы келген сөздердегі дауыссыздардың жуан, жіңішке түрінің акустикасына ерекше көңіл аударып отырудың орфографияға да үлкен қажеттілігі бар. Мысалы, қазақтың байырғы сөздерінің, ондағы буындар мен дыбыстардың жуан не жіңішке екенін әр сөздің құрамында дауысты фонемалар белгілеп берелі. Яғни қазақ сөздері

үшін жуан, жіңішке акустиканы жазуда таңбалау тәсілі біреу ғана, ол- дауысты фонеманың сыңар таңбалары арқылы белгілеу/сат-сэт, нан-нән, ақ-ек, күш-күш, сол-сел, жол-жел, ыс-іс: тыс-тіс, тьн-тиін т.б./.

Ал орыс тілі арқылы келген сөздерде сөз, буын жіңішкертілмейді, онла тек дауыссыз фонеманың жіңішкелігі белгіленеді. Орыс тілі арқылы келген сөздердің дауыссыз фонемаларын жіңішкерту әртүрлі тәсілдер арқылы таңбаланалы:

1/. Орыс тілі графикасындағы жалғыз ғана жіңішкерту таңбасы /ь/ арқылы:

а/ сөз соңындағы палаталь дыбыс таңбаланалы: лагерь мораль, нефть, известь, якорь;

ә/ сөз ортасында жуан дауыссыздың алдында келген палаталь дауыссыз осы жіңішкерту белгісі арқылы таңбаланалы: пальто, коньки, альбом, апельсин, пельмен, серьги, Кузьма, Ольга;

б/ сөз ішіндегі палаталь дыбысты еган тіркес келген соңғы жуан буыннан бөлу үшін де қолданылалы: семья, статья, барьер, курьер, компаньон, павильон, ателье, почтальон, медальон.

2/. Тілімізге орыс тілі арқылы келген сөздердегі палаталь дауыссыздар жіңішкелік белгінен басқа дауысты дыбыстардың әріптері арқылы да белгіленеді.

а/ тіл аллы "и" дауыстысының қолданылған дауыссыз әрқашан палаталь болып есептеледі; комитет, диктант, магазин, резина, кино, ботинки, т.б;

ә/ а, о, су, э, дауыстыларының алдында келген палаталь дауыссыздар арнайы я, ъ, е, е таңбалары арқылы белгіленеді: ремонт/рьмонт/тетраль/тьэтраль/, самолет/самолёт/, революция /рьевольуция/

лжк/льук/, мөлель/мольэль/, этәл/этьул/.

З/. Егер бір сөз ішінде екі палаталь дауыссыз дыбыс қатар орналасқан болса, ол екеуінің жіңішкелігі тек соңғысын белгілеу арқылы таңбаланады: декабрь/льэкабрь/, стипендия/сьтьипьэньйя/; билет /быльэт/.

Мұндай халықаралық сөздерге қазақ тілінің қосымшасы да екі түрлі жолмен жалғанады: а/ палаталь дауыссызбен аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанса, сөз соңындағы жіңішкелік/ь/ белгі түсіріліп жазылды. Өйткені, дәл осы арала дыбыспен бұрынғы жіңішкерту функциясын, қазақ тілінің фонетикалық заңдылығы бойынша, дауысты дыбыс атқарып таңбалайды: лагерь-лагеріміз, мораль-моралінде, сентябрь - сентябрі т.с.с.

Ә/ мұндай сөздерге дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, жіңішкелік белгі түсірілмей, сақталып жазылды: сентябрьле, моральлы, лагерьдің т.б.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға палатальлық фонематикалық қасиет тән емес. Сондықтан "лагерьдің" деген сияқты халықаралық сөздердің соңындағы жіңішкелік белгіні дауыссыздан басталған қосымша жалғанған кезде сақтаулы - палаталь дауыссыз сол сөздің лексика-фонетикалық мағынасына тікелей ықпалды екенін, жіңішке дауыссыз арнайы фонема екенін айқын көрсету мақсатында болса керек.

Кейде басқа тілдерден енген сөздердің ерекше дыбыстарын өзгертін, оларды қазақ тіліндегі дағдылы дыбыстарға ауыстырып /мысалы, жіңішке дауыссыз орнына жуан дауыссыз немесе жіңішкерту тәсілдерін ескермеу/, қалай болса, солай айта салу, жаза салу да кездеспейді емес. Бұл, әрине, әр тілге тән дыбыстар арасындағы елеулі айырма ерекшеліктерге мән бермеуден, айтуда не жазауда болған қате арқылы

сол сөздердің семантикасының өзгеретініне көңіл аудармағанлықтан ескермеушіліктен пайда болалы. Мұндай жағдайларды мектеп оқытушылары әрлайым көңіл аударып, айтылуы, жасалуы қиын тиетін дыбыстар мен дыбыс тіркестеріне ерекше мән бере отырып, олардың артикуляциясына арнайы тоқталып, сол дыбыстардың ерекшеліктеріне оқушылардың тілдерін қалыптастыруға, жаттықтырып төселтуге, дағдыландыру арқылы сол ерекшелікті меңгертуге талаптанған жөн.

Фонетикалық жүйелердің айырмасынан пайда болатын семантикалық мағыналары бар, сөз ұғымын өзгертетін қателіктерге көңіл аулауы қажет. Өйткені дыбыстық ерекшеліктерден пайда болған қателіктер адам мен адамның пікір алысуында ойлы, ұғымды қиындатып отырады. Әр адам өзінің сөйлеу аппаратын дұрыс меңгеріп, әсіресе дыбыстық жүйесі әртектес халықаралық сөздердегі артикуляциялық ерекшелігі бар дыбыстарды дұрыс жазуға, тілін дағдыландыруға зейін аударғаны жөн.

Қазақ тіліндегі 25 дауыссыз фонеманың жасалу негізі, акустика-артикуляциялық жаратылысы бір болғанымен, оларды жеке алғанда, бірінің бірінен айтарлықтай айырмалары да бар. Жеке дауыссыздардың өзіне тән ерекшеліктерін білу үшін, ең алдымен, олардың қандай белгілерге негізделіп, қалай таптастырылатынымен, таптастыру принциптерімен танысу өте қажет.

Тіл білімінде дауыссыздар қарама-қарсы дифференциациялық алты түрлі негізгі белгілеріне қарай ажыратылады. Ол алты белгі өз ішінде конститутивтік, коррелятивтік және қатыстық белгілері арқылы жіктеліп бөлінген үш топтан тұрады.

I. Дауыссыздардың конститутивтік белгісі деген – олардың жасалу орны және жасалу тәсілі. Демек, бұл арада дауыссыздардың өзіндік дыбыстық сапасы болып есептелетін салдырдың жасалу орны мен оның

тәсілі жөнінде қарастырылады.

Дауыссыздардың жасалу орнын/немесе артикуляциялық орнын/ анықтау – өкпеден келе жатқан ауа толқынының жолындағы сөйлеу аппаратының қай орында, қандай тәсіл арқылы/актив мүшенің пассив мүшеге жуысып, жақындауы арқылы ма, немесе қабыса байланысуы арқылы ма/ қандай бетет, тосқауыл жасайтынын және ол тосқауылдың қалай жойылатынын белгілеп, ажырату болып табылады. Бұл белгілер локализациядан, яғни әр түрлі фокус арқылы пайда болатын, дауыссыз дыбыстардың дыбыстық табиғатымен, жаратылысымен тікелей байланысты.

2. Дауыссыздардың коррелятивтік белгілері деген – олардың қатаң ұяңдығы мен жуан-жіңішкелігі тұрғысынан жұпталған түрлері.

Дауыссыздардың қатаң және ұяң болып бөлінуі оларды айтулары дыбыс желбезегінің қызметімен байланысты болса, ал дауыссыздардың жуан немесе жіңішке естілуі тіл ортасының қызметімен байланысты.

Тіліміздегі көптеген дауыссыз фонема /ж,ц,ч,ш-дан басқалары/ жұптасып, қатаң фонеманың ұяң фонемасы және жуан дауыссыздардың жіңішке /халықаралық сөздерде жіңішке фонема, байырғы қазақ сөздерінде вариант/ сыңарларын тізу арқылы қолданылады. Соңғы топтан оқшау тұратын ц,ш,ж – әрқашан жуан естіледі, ч, щ, – әрқашан жіңішке естіледі.

Бұл сияқты коррелятивтік белгілер дауыссыздардың негізгі дыбыс алмасу заңдарымен байланысты.

3. Дауыссыздардың қатыстық белгілері деген – олардың үнсізлігі мен үнлілігі. Үнсіз дауыссыздар қатаңдық және ұяңдық жағынан корреляция құрайды, ал үнлілер бұл корреляцияға жатпайды.

Үнсіз бен үнлі дауыссыздардың арасындағы айырма олардың әрқайсысының акустикалық қасиетімен байланысты.

Жалпы алғанда, дауыссыздар акустикасы жағынан бірдей емес,

әркелкі. Үнді /сонант, немесе сонор/ дауыссыздар - л, м, н, ң, р, й /у/ - акустикасы жағынан дауыстылардағы үнмен шамалас, өйткені сонанттардың үні, үнсіздермен салыстырғанда, дауыстылардағы сияқты, көтеріңкі, анық естіледі. Дегенмен, қарқын, айқандылығы жағынан алғанда, дауыстылардағы үннен төмендеу, көмескілеу естіледі, ал үнсіздерде үн, дауыс - мүлде жоқтың қасы.

Осы тұрғыдан алғанда, барлық дауыссыз фонемаларлы/үнсіздер мен үнділер /жинақтап, біркелкі дауыссыздардың тобын құрастыратынлай және ол топты дауыстыларға қарама-қарсы қоя алатындай жалпы акустикалық бірлестік белгі жоқ. /Дауыссыздарға қарағанда, дауыстылардағы белсенді қатысатын үннің жалпы көтеріңкілігі оларлы үн жағынан топтастырып ажырататындай, негізгі айырым белгі бола алмайды/ Акустикалық тұрғыдан алғанда, дауыстылар мен дауыссыздардың қарама-қарсы сыңарлары дауыстыдан үнділер арқылы біртіндеп үнсіздерге ауысып, алмасып отыратыны байқалады.

Үнсіздер тобына жататын дауыссыздар да ішінара акустикалық жағынан біркелкі емес. Анығырақ айтқанда, ұяң, сүзілмелі, үнсіз в, з, ж, акустикалық ерекшелігі жағынан дауыстылар мен сонанттарға жуық.

Дауысты мен дауыссыз фонемалар сөз ішінде тіркеске түсіп қолданылу ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады. Дауыстылар сияқты, сонант дауыссыздар кез келген дауыссыздармен қатар тұрып тіркесе алса, үнсіздер әдетте өзінен соң қолданылатын фонемаларды талғай тіркеседі. Үнді фонемалар бұл тұрғысынан да дауыстылар тәрізлес.

Дауыссыздарға артикуляциялық мінездеме жасағанда, олардың: 1/ жасалу орны, 2/ жасалу тәсілі, 3/ дыбыс желбезегінің қызметі, 4/ тіл ортасының қалпы, 5/ дауыс шымалдығының қалпы сияқты негізгі белгілерлі ескерген дұрыс.

Жасалу орнына қарай дауыссыздар ерін тобы және тіл тобы дыбыстары болып, үлкен екі топқа бөлінеді. Еріндік дыбыстар екі еріннің бөлсене қатысуы арқылы жасалады: әсіресе, б, м, п, фонемаларын айтқанда, екі ерін біріне бірі қабысу арқылы ерін дауыссыздары пайда болса, екі ерін мейлінше, сүйірленіп, алға қарай созылуынан ла ерін мен ерін дыбысы "у" пайда болады. Ал астыңғы актив еріннің үстіңгі тіске жуысуынан ерін мен тіс дыбыстары "в", "ф" пайда болады.

Тіл алды, ұшы, ортасы бөлсене қатысуы арқылы тіл алды, тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты сияқты тіл дауыссыздары жасалды.

Тіл алды дыбыстары тіл ұшының қолданылу қалпына байланысты үшке: дорсаль, апикаль, какуминаль дыбыстар болып бөлінеді.

Дорсаль дыбыстардың жасалуында тіл ұшы астыңғы тіске таман түсіңкі болады: тіл алды дауыссыздардың көбісі /с<sup>д</sup>, з<sup>д</sup>, т<sup>д</sup>, н<sup>д</sup>/ осы дорсаль дыбыстарға жатады.

Апикаль дыбыстар тіл ұшының үстіңгі тіске немесе альвиеолага не жуысуынан, не қабысуынан пайда болады /р/.

Какуминаль дыбыстардың жасалуында тіл алды көтеріледі де, ұшы сәл ғана үстіңгі тіске не қатты таңдайға қарай жоғары иіледі /ш, ж, р/. Жуан т, л, н, ц дыбыстарлы айтқанла ла, тілдің алдыңғы шектегі үсті тіл ұшымен бірге түгелдей үстіңгі тіске қабысады. т. с. с.

Міне, осылар сияқты, дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық орындарына байланысты өзіндік ерекшеліктерін толық білу үшін, оларға қажетті фонетикалық жағдайларды жете түсінген жөн.

Дауыссыз дыбыстар - акустика-артикуляциялық ерекшеліктерге бай, дыбыстың сапаларға әр түрлі, қыр-сыры мол дыбыстар тобы. Сондықтан олардың жасалу орнын ғана біліп қол бұл тақырып үшін әлі жеткілік - сіз. Өйткені нақтылы артикуляциялық орынан белгілі бір дыбыс қалай

болса, солай өзінен өз пайда бола салмайлы. Сол себепті ауыз қуысының нақтылы орынларында өзінің жолын бөгеп тұрған әр түрлі тосқауылдарды ауа қалай, қандай тәсілдер арқылы жойып, сыртқа шыға алатынын біліп, меңгеру өте қажет.

Жасалу тәсілі жағынан дауыссыздар қабысыңқы, жуысыңқы, тірілді-дыбыстары болып және үш типке бөлінеді.

I. Қабысыңқы дыбыстардың айтылуында екі/актив және пассив/ сөйлеу мүшесінің бір-біріне нық тип қабысуынан ауыз қуысында ауа толқынын мүлде бөгеп қалатын тосқауыл пайда болады. Бірақ сөйлеу мүшелерінің/мысалы, тіл ұшының тіске, еріннің ерінге немесе тіл артының артқы таңдайға т.с.с./ қабысуынан да әлі өшқандай дыбыс салдыр, шу пайда бола қоймайды. Салдыр мен шу сол бөгетті ауаның қарқынмен ажырату, бөлу, жару үзу кезінде ғана жасалады.

Нық қабысқан байланыс екі түрлі тәсіл арқылы ажырауы мүмкін. Біріншілен, артикуляциялық мүшелер кілт үзіліп ажырасқан кезде, екі мүшенің арасынан ауа шұғыл лепті қарқынмен сыртқа шығады. Қабыса байланысқан екі мүшенің мұндай тәсілмен ажырату - үзілмелі-шұғыл тәсіл, ал осы үзілуден кенет жасалған дыбыстар - шұғыл дауыссыздар болып есептеледі, мысалы: б,п,д,т,к,қ: қабысыңқылардың арасынан м,н,ң - айналмалы/назаль/ тәсілдер.

Екіншіден, қабыса байланысқан сөйлеу мүшелері әуелі үзіліп барып, ақырын жайлап жуысады. Дәл осы кезде ауа екі мүшенің жуысуынан пайда болған сызат, жарықтық жол арқылы сыртқа сүзіліп шыға бастайды. Мұндай тәсіл арқылы жасалған дауыссыздар аффрикат/үзілмелі-сүзілмелі/ дыбыстар деп аталады. Қазіргі қазақ тілінде екі аффрикат фонема - "ч", "ц" және үш аффрикат дыбыс - "ч", "ц"

"лж" бар.

Үзілмелі және аффрикат дауыссыздардан жасалу жолындағы алғашқы бастама фазалары бірдей болғанымен, соңғы фазалары әр түрлі: біреуінде - тұғыл үзілу; екіншісінде - сызатталып, жарықшақтану.

Жуысыңқы дауыссыздардың артикуляциясында актив мүше пассив мүшеге жуықтап, жақынлауының салдарынан екі мүшенің арасында өте тар сызат жол жасалып қалады да, сол сызат жолдан ауа толқыны сүзіліп сыртқа шығады. Ауа сыртқа шығар кезеде сол сызаттың қабырға, жиектеріне сығылысып, сүйкеле өтуінен жуысыңқы дыбыстарға тән өреше дыбыс: шу/ш,щ/ сыбыс/с/ және ызың /г,ж,ғ.т.б./ пайда болады. Мысалы, в, ф, с, з, ж, ш, у, й, х п фонемаларының дыбыс тық сапасы осындай әрқилы.

Жуысыңқы дауыссыздар сызат жолдың қалпына байланысты жазық сызат жолды/плоскощелевые/ және лөңгелек жолды/круглощелевые/ болып өз ішінен екі топқа бөлінеді.

Дауыссыздардың көбісі жазық жолдылар тобына жатады. Мысалы, в, ф, х, й дауыссыздарының жасалуында актив мүше пассив мүшеге жуыса отырып, ауаның сыртқа шығуына кең, жазық жол қалдырып қояды.

Дөңгелек сызат жолдылардың жасалуында актив мүше пассив мүшеге түгел жазыла жуыспайды, ауадағы резонаторда тек жан-жағы қоршаулы түтік тәріздес қана лөңгеленген жол қалып, сол жол арқылы тілдің ортасынан "с", "з" дауыссыздары жасалады. Ал "л" фонемасының жасалуындағы жол тілдің екі бүйірінен ойыла, лөңгелене өтеді. Бұндай жағдаймен байланысты/яғни сызат жол тілдің қай жерінен пайда болуына қарай/ дауыссыздар орталық жолды/срединные/ және бүйір жолды /боковые/ деп те бөлінеді.

Діріл /немесе вибрант/ дауыссыздарының артикуляциясында тілдің ұшы алдыңғы таңлайға қайырыла көтеріліп жуықтаған кезде, тіл ауа толқынының күшті қарқынымен діріл тәріздес қатты қозғалысқа ұшырайды. Және тіл ұшы әр түрлі жағдайла байланысты кейде бір, кейде бірнеше рет қақтығуы мүмкін. Қазақ тіліндегі вибрант дыбыс - р.

3/. Дыбыс желбезегінің қызметі барлық дауыссыз дыбыстың ұяң және қатаң болып бөлінуіне үлкен жік салып, оларды ажырататын ең негізгі фонетикалық жағдай болып есептеледі.

Ұяң мен қатаң фонемалардың арасында физиологиялық, акустикалық және сөз ішінде қолданылу жағынан ерекшеліктер бар.

Бұлардың физиологиялық айырмасы жоғарыда аталған дыбыс желбезегінің қызметімен тікелей байланысты. Және сөйлеу мүшелерінің қатаңмен немесе әлсізденуімен де байланысты ерекшеленіп отырса керек.

Қатаң дыбыстардың таза салдырған жасалатынын, ұяңдар негізгі үннің үстіне салдырдың қосылуы арқылы пайда болуы - олардың акустикалық ерекшеліктері болып табылады.

Дауыссыз дыбыстар өзінің айтылуына салдыр мен үннің қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді.

Айтылуында үннен гөрі салдыр басым болғандықтан, ұяң мен үннің қатаң дыбыстар қосылып, үнсіздер /шумные/ тобын құрайды.

Ал үнділер/сонорные, сонанты/ өз алдына жеке бір той құрайды: бұларла салдырға қарағанда үн басым.

Үнсіздер тобындағы әрбір сегіз қатаңның ұяң сыңары бар. Негізінде қатаң мен ұяң дыбыстардың жасалу орны бірдей:

Г, Т, С, Ш, К, Қ, Х, Ф, Ц, Ч, Щ.

Б, Д, З, Ж, Г, Ғ, І, В.

Қатаңдарла мүлдем үн болмайлы, өйткені оларлы айтқанла, ауа қарқыны дыбыс желбезегіне соқтықпайлы, сондықтан желбезек діріл-лемейлі. Ауа қарқыны ауыз қуысындағы тиісті сөйлеу мүшесіне күшпен келіп соғады.

Ауа екпінін тосқауылдайтын мүшелер бір-біріне қатты қабысып, шұғыл ашылады да, ауа екпіні үзілумен немесе қарқынды ауа тоққынының жолын тосқауыллаган артикуляциялық мүшелерге қақтығуынан катан айтылалы. Үяң дыбыстарлы айтқанла, ауа екпіні дыбыс желбезегіне жинай соғалы да, желбезек сәл қимыллайды.

Одан соң ауа екпіні әлсіреп барып, ауыз қуысындағы тиісті мүшеге соғалы. Сондықтан үяңдарла аздаған үн бар. Ауа екпіні қатты болмағандықтан, олар жұмсақтау айтылалы.

"Б" мен "д" -пан басқа үяңдардың көпшілігі ауыз қуысындағы мүшелерден кедергіленбай, сүзіліп шығалы. Себебі кедергі жасайтын мүшелер бір-біріне тек жақындап жуысып немесе сәл ғана соқтығысып ауа екпінін ашық қалған жол арқылы босаң шығаралы.

Үнді дыбыстарлы айтқанла, пыбыс желбезегінің белсенді қатысуынан көмейдегі жол тарылып ашық үн қосылып, бұларлы лауысты дыбыстар сияқты, созып айтуға болалы. Олардың үн жағынан сапасы қысаң лауыстырларға жуық.

Бірақ үнділер ауа екпінінің ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелеріне қақтығысуы арқылы жасалалы. Сондықтан бұлардың құрамында салпыр да болалы. Бұл жағынан үнділер лауыссыз дыбыстармен қасиеттес.

Үнділер жасалу тәсіліне /жолына/ қарай, ауыз жолы /плавные ротовые/ - р, л, у й/ және айналмалы мұрын жолы /назаль, носовые- м, н, џ./ болып бөлінеді.

Үнді дыбыстар құрамындағы үннің /естілуі/ айтылу сапасына байланысты екіге бөлінеді:

а/ ашық үнді сонорлар - ауыз жоллылары;

ә/ мінгір үнді сонорлар - мұрын жолдылары:

Сонымен, әрбір жеке дауыссыз фонеманың табиғи құрылыс сапасына, оның өзіне тән ерекшелігіне мына бағытта жан-жақты анализ жасауға болады, мысалы:

" К " фонемасы:

1/ Жасалу орны - а/ тіл тобы;

ә/ тіл ортасы - орта таңдай

2/ жасалу жолы - қабысқық

3/ жасалу тәсілі - үзілмелі - шұғыл;

4/ үн мен салдырдың қатысы: а/ үнсізлер тобы;

ә/ таза саллыр /қатаң/

5/ сыңары/корреляциясы/: а/ Г /үян/;

ә/ К<sup>b</sup> - палаталь /қазақ сөзінде

тек вариант к<sup>b</sup>әл<sup>b</sup> орыс сөзінде фо-

нема - к<sup>b</sup> экс/

6/ қолданылуы - универсал /бірақ тек тіл аллы дауыстыларымен ғана тіркеседі/;

7/ а/ қазақтың байырғы төл фонемасы;

ә/ халықаралық сөздерге де ортақ.

Дауыссыздардың мұндай ерекшеліктері арқылы бірінен екіншісің ажырата білу басқа да толып жатқан фонетикалық тақырыптарды, тілдің ішкі заңдылықтарын, сөздердің этимологиясын, грамматикалық құрылысының сырын ашып білуге өте қажет.

### Б У Ы Н / Силлабизм/

Адам сөйлеп тұрған кезде ауа қарқыны сөйлеу аппараты арқылы лек-легімен толқындалып, бірнеше бөлікке түсіп айтылады. Өйткені сөйлеу - ритмика -интонациялық тұрғыдан алғанда, дыбыстардың үздік-

сіз тізбегінен құралған бірлік немесе сөйлеу толқыны. Ол тізбектелген сөйлеу толқыны нақты бөліктерден, сөйлеудің фонетикалық бірліктерінен тұрады.

Ауа толқыны арқылы топталған фонетикалық бөліктердің ең ірісі - фраза, оған ұсақтауы - такт, ең ұсағы - буын мен жеке лыбысы

Фраза - ерекше дауыс ырғағы арқылы бірігіп жинақталған басқа фразалардан кіліріс, тыныс/пауза/ арқылы ажаратылатын пікір, ой тобы; басқаша айтқанда, фонетикалық бөліктердің ішіндегі мағына жағынан аяқталған ең тиянақты бөлігі.

Сөйлеудің кідірістік, буындық жігі /тактысы мен синтагма/-көбінесе бір дем арқылы түйлектелген бірнеше сөздің тіркесінен құралады. Адам сөйлеп тұрған кезде айтылған пікірдің әр түрінде пайданылатын тыныс алудың, үзілістің /паузаның/, тіркес екпінінің сөйлеу қарқынының нақтылы өзіндік нормасы/мөлшері, өлшемі/ болады. Осындай фонетикалық жағдайлар ауызша айтылған ойдың, сөйлемнің реңін өзгертіп, құбылып әуендену арқылы пікірді түрлендіріп тиянақтап, тұжырымдап отыруға үлкен себепкер болады. Мысалы, айтайын деген ойдың мақсатына байланысты дауыс ырғағы мен сөздердің ара жігін түрліше бөлу арқылы мына сөйлемдердегі сөздердің лексика-грамматикалық мағыналарын да әр түрлі өзгертуге болады:

1/ а/ Астық/жию/ қыған/ шақ/ ә/ //Асты-жию/қызғаншақ/

2/. //Ол су/ алып кетті//. // Ол/сиыр/ /суалып кетті//.

3/. а/ // Балаға /қарай/ жүр//. ә/ // Балаға:қарай/ жүр//.

4/. //Бидай/бой /алып/кетті//. ә/ // Ол/бойлып/ кетті//.

Бұл сөйлемдердегі "қызған шақ", "су алып" "балаға қарай" деген әрбір екі сөздің ара жігін бөліп айтқанда, бір мағына, ал олардың арасын бөлмей, біріктіріп айтқанда, мүлде басқа ұғымға ауысып кеткенін көреміз.

Демек, сөз ішіндегі дыбыстардың дұрыс айтылуы, сөздердің арасындағы кішірістердің дұрыс қолданылуы, дауыс ырғағының дұрыс пайдаланылуы – айтамын деген ойдың, дұрыс сөйлеудің екінші негізгі шарты. Бұл жағдайды бірінен бірін бөліп қарауға болмайды.

Мағыналары бөлек әрбір жеке сөзді адам сөйлеп тұрған кезде сөздердің арасын әр тектес тыныс кішірістер арқылы ажыратып, жік салып, мағыналы ұғымдарға/такт, синтагмаларға/ бөліп айтады. Сөйлеуде мұндай жік – кішіріс, үзіліс, тыныс – болмаса, сөздер бірімен екіншісі шұбатыла ұштасып, сөйлеп тұрған адамның айтамын дегені түсініксіз болар еді де, оны қабылдап, меңгеру қиына түсер еді.

Сөйлеу тақтысы әдетте мағыналы сөздер мен оларға тіркескен шылау сөздер, көмекші т.б.с.с. сөздердің тобынан құралып, басқа бір фонетикалық топтан аздаған үзіліс арқылы бөлініп айтылады. Мұндайда көмекшілік қызметте жұмсалатын сөздер өзінің негізгі ұғымынан азды-көпті ауысуына немесе мүлде айырылуына байланысты, сөздік екпінін жоғалтаты да, тіркескен сөздерінің жіктеп көрсете алмайды.

Ал жеке сөздер – буындардан, буындар дыбыстардан, яғни нағыз фонетикалық бірлестіктерден құралады. Физиологиялық жасалу тұрғысынан алғанда, буын – дауысты дыбыстың ауа толқыны арқылы өзін қоршаған дауыссыз дыбыстардың тобын құрып, бөлшектеніп айтылады.

Акустикасы/дыбысталуы/ жарынан қарағанда, сөздің әрбір буындардан жеке бөлшектері алды-артындағы өзі сияқты дыбыстар тобынан бөлініп, сараланып өстіледі. Сөйлеу толқынында сөздердің осылайша фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобы түгелімен жіктеле айтылатын әрбір бөлшегі буын деп аталады. Үні мол және көтеріңкі болғанлықтан, буын құрайтын негізгі элемент – дауысты дыбыс. Сондықтан сөз ішіндегі

буын саны әдетте дауысты дыбыс санына тең болады, мысалы: о-та-ны-мыз көр-ке-йе тү-су-де.

Буын категориясын меңгеру айтарлықтай қиындық туғызбайды, дегенмен, қазақ тіліндегі байырғы сөздердің буын құрылысына, олардың сапалық қиыметтеріне көңіл аудару өте қажет. Өйткені буын құрылысын жақсы білу - сөздердің морфологиялық құрылысын, сөз тудыру, сөз өзгерту ерекшеліктерін, әдеби тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларындағы ерекшеліктерді дұрыс меңгеруге себеп болады.

Буын құрылысымен байланысты мынадай жағдайларды есте сақтаған дұрыс:

1. Қазақ тілінде барлық 12 дауысты фонема әрқашан буын құрай алады; ә-лем, ғы-лым, қу-аныш, и-не, - у-лес, бі-лім, бу-ын т.б./.

Бірақ "у" фонемасы байырғы қазақ сөздерінің құрамында /дауыстышан соң немесе екі дауыстының арасында/ қолданылған кезде өзінің дифтонгоидтік ерекше саласына байланысты кейде буын құрай алмайды: а-уа/а-у-а деуге болмайды/; жауап жа-у-ап, емес/; тау/та-у емес/

2. Буын жігінің жазуда бөлінуі мен ауызекі тілде бөлінуі әрқашан сәйкес келе бермейді. Әсіресе "у" фонемасы сөз басында дауыстыдан бұрын келсе, ондай сөздерді ауызша буынға бөлген кезде "у" фонемасы өз ішінен екі буынға бөлініп, ұласа созылып айтылалы/осы жағдай "я" фонемасына да тән/, мысалы; уа-қыт /жазылуы/ - у-уа-қыт /айтылуы/; уыс /жазуда бөлінуі/ - у-уыс/ауызша бөлінуі/; уә-пе /у-уә-пе/; /у-уә-кіл/; и - не /ій-не/; кі-іім/ки-ім/; и-мек /ій-мек/ т.б.

3. Қазақтың байырғы сөздерінің буындарының құрамы міндетті түрде не біркелкі жіңішке/тіл алды дыбыстар арқылы/, не біркелкі жуан /тіл арты дыбыстар арқылы/ айтылуы тілімізде "абдан" қалыптасқан.

Байырғы сөздерде әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстар бір буын ішінде қатар тіркесіп келуі мүмкін емес. Ана тілімізге тән осындай біртектес буындарды айтуға әбден дағдыланған сөйлеу мүшелеріне басқа тілдерден ауысқан сөздер құрамындағы әр тектес дыбыстарды айту қиынға түседі. Осыған байланысты кейбір кірме сөздердің бұзып айту жиі кезелеседі/каникулы-кәнікәл, пальто- пәлте немесе палто, сутки - сөтке, газета - гәзит, коньки - қәңки т.б./

Бұл әрине, дұрыс емес. Әрбір сөздің өзіне тән фонематикалық өрекшеліктерін сақтай отырып, сауатты, дұрыс айтуға, сауатты жазуға әрбір азамат міндетті.

4. Қазақтың байырғы сөздерінің басында дауыссыз дыбыстардың тіркесі қолданылмайды. Осымен байланысты қатарынан бірнеше дауыссыздан басталатын басқа тіл сөздерін айту қиындық келтіреді де, ондай сөздердегі дауыссыздардан басталатын не аллында не аралығында артық /фонема емес/ дауысты дыбыс қосылып айтылады/стипендия-істипендия, звено-ізвено, стакан - ыстакан, крем - кірем, трамвай-тырамвай т.б./

5. Байырғы сөздердің жасалуындағы дыбыстардың дауыссыз + дауысты+ дауыссыз: дауысты+дауыссыз+дауысты/тас, осы, жаңа т.б./ сияқты болып орналасу тәртібі тілімізде әбден қалыптасқан.

Көп буынды сөздердің буын жігін дұрыс ажырата білу үшін буын ішіндегі дауыссыздардың айтылу қарқынына қарай буын шектеріндегі дыбыстардың күшті бас дыбыс /эксплозив/, күшті соңғы дыбыс/имплевизив / болып бөлінетін мөңгеру өте қажет, өйткені буын жігін дәл осы екі күшті дыбыстың түйісіп қатарласуынан пайда болады.

6. Қазақтың байырғы сөздеріндегі көз келген мағыналы бір морфеманың ортасында екі дауыссыз қатар тұра алмайды. Ал екі немесе

одан да көп морфемалардан құралған көп буынды сөздердің ішінде /түбір+ қосымша,+ қосымша, түбір+түбір+қосымша т.с.с./ бір тектес екі дауыссыздың /тт,кк,шш,сс,пп/ қосарлана тіркесіп айтылуы жиі қолданылады, мысалы; көккө, ақ қағаз, алаққа,боса, көпші, айтты т.с.с./ .

Осындай қалыптасқан дағдылы тіркестің әсерінен бір сөз ішінде, екі сөз аралығында әр тектес дауыссыздар қатар тіркесе қалса, олардың айтылуында көбінесе бір тектестік пайда болып, қатаңға үйлескен үяның қатаң сыңары мен немесе үяға қатаңның үяң сыңары жиі естіліп отырады, мысалы: жазса-жасса, таласыз-лашсыз, көрпін бол-кәріппол; ақ жауын - ағжауын.

7. Байырғы қазақ сөздерінің бір тектес үяң дыбыстардың қатар тіркесуі дағдылы құбылыс, мысалы: зд, жд, зг, зг, жг, жг, зб/жазба, мұқтажлық, сегізше т.б./ Ал бір үяң дауыссыздың түбір сөзге қосарланып, екі рет қайталанып тіркесуі тілімізге жат /зз,лл,ғғ нн/ . Сондықтан шығыс тілдерінен ауысқан кейбір ләззат, махаббат, тоннур, уммат, памма, молла, ғиззат, алла сияқты түбір морфемалардың құрамында кездесетін үяң, үнді қосар дыбыс тіркесінің бір сыңары әлетте басқа үяң дыбысқа ауысып/тоннур - тандыр, уммат -үмбет, іамма-эмбе, молла- молда; алла -алла/ немесе бір сөз ішінде екі дауыссыз қатар тұра алмауына байланысты екі үяңның біреуі мүлде түсіп қалып та айтылады/ләззат-ләзат; махаббат - мақабат; Ғиззат-Қизат т.с.с./

8. Қазақ сөздерінің басында бірнеше дауыссыздар тіркесіп орналаса алмағанмен, кейбір байырғы сөздердің соңында екі дауыссыз қатар тіркесуі мүмкін. Бірақ оның өзінде де кез келген дауыссыздар қатар тұра алмайды: іргелес тіркескен екі дауыссыздың алдыңғысы міндетті түрде үнді,соңғысы қатаң болуы шарт; және іргелес

тіркесетін екі дыбыс та бір гана орынға жасалатын дыбыс болуы шарт/лт, нт, рк, рт, нк, лк, т.б./ Демек мұндай сөздерге дауыссыздан басталған қосымша жалғынша, сөз ортасында үш дауыссыз қатар тіркесіп тұруы да тілімізде қалыптасқан дағдылы фонетикалық жағдай /жұрт, ант, серт, шанқ, күңк, булк: жұртқа, антты/.

Мұндай үш дауыссыз қатар келген сөздерді буынға бөлгенде, қазақ тілінің буын құрылысына тән фонетикалық заңдылық бойынша, екінші буын тек қана бір дауыссыздан басталып, алғашқы буын соңғы екі дауыссыздың тіркесімен аяқталады. Мысалы: жұрт -ғы, дәңк-қа, сертпен т.б/

Ал көз келген дауыссыздың тіркесімен аяқталған халықаралық сөздердің түбіріндегі соңғы дауыссызы әлетте түсіріліп айтылады; класта, металлдың, граммға т.б.

9. Байырғы сөздердің құрамында/"у" "и" дифтонгшитірінен басқа/ екі дауысты дыбыс та бір сөз ішінде қатар тіркесіп келуі мүмкін емес. Екінші, үшінші т.б. буындар дауыстыдан бастала алмайтын тіліміздегі өзіндік ерекше заңдылықтың салдарынан, кейде сөйлеу үстінде сөйлемдегі сөз тіркестерінің аралығында немесе халықаралық сөздерде/екі дауыстының алдыңғысы айтылуда ығысып түсіп қалатын/ буын саны әрқашан кеміп отырады. Мысалы: ала алмады /а - лал - ма - ды/, сары ала етік/ са - ра - ле - тік /, зоология /зо - ло - ги - я/, кооператив /ко - пе - ра - тив/ т.б.

Буын құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны мен олардың орналасу тәртібін және буын түрлерін дұрыс ажырата білуің практикалық маңызы күшті; сөз ішіндегі буын түрлерінің орналасу тәртібіне көңіл аударып, оларға дұрыс түсінік бере алу, сол сөздердің орфографиялық, грамматикалық заңдылықтарын толық меңгеруге мүмкіндік береді.

Буын құрайтын негізгі элемент дауысты дыбыс пен оны қоршаған дауыссыздың сөз ішінде алып тұрған орнына қарай буынның ашық, тұйық, бітеу болып бөлінген түрлерін және оларды құрастыратын дыбыс санын жете білу қажет: буын құрайтын дауыстының түріне қарай буын акустикасы/а/ көтеріңкі - айқын, әуенді, ә/бәсең - көмескі, күңгірт болып есептеледі және ашық буын - бір дыбысты, екі дыбысты; тұйық буын - екі дыбысты, үш дыбысты; бітеу буын - үш дыбысты, төрт дыбысты болып келетіні мағыналы түбір сөздердің және грамматикалық көрсеткіштердің буын құрылысына тең түседі:

а/ "е., а?., Мә мына кітапты оқы - одағайлар: "ма/ме, ба, бе, па, пе"/ - сұраулық шылаулар; зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары; қараз ба? кеспе; "ше - сұрау шылауы; сен оқисың, ол ше? т.б.

ә/ ал, үш; -ар/-ер/; іп-/ып/; бар-ар, бар-ып, ант, ұрт.

б/ жол, көз; мақ- лар, дың; қара -мақ, ой-лар, қараз-дың; сөрт, төрт, қант, сөлк т.б.

Бірақ бұл сияқты лексикалық грамматикалық мағыналыбуын тұлғаларына әр түрлі қосымшалар жалғап, оларды қайтадан буынға бөлген кезде, буын түрі екінші басқа түрге/буын түрі де, дыбыс саны да, аусынып, бастапқы қалпына сәйкес келмей қалуы да мүмкін.

Буын проблемасы, негізінен, екі мәселеге тіреледі: 1/ буынның фонетикалық жаратылысы; 2/ сөздерлі буынға бөлу принциптері.

γ Сөздерді буынға бөлу/тасымаллау/ - емленің объектісі, сондықтан сөздер тек буын жігінде ғана тасымалданады. Буын жігімен тасымал арасында айырма бар, сол себепті тасымал буын жігімен сай келмеуі мүмкін, яғни сөздерді буынға бөлу олардың мағынасымен байланысты емес, сөздің семантикасы олардың бөлінетін буындарына бағынышты болмайды. Сондықтан бұл категорияға байланысты

фонетикалық анализ жасауда сөздердің морфологиялық жігі мен буын жігінің сәйкес келу - келмеуіне көңіл аударып, олардың бір-бірінен айырмасын дұрыс түсіну қажет.

Адам сөйлегенде, бір сөйлемнің құрамындағы жеке сөздердің жігі, әр сөздің құрамындағы жеке буындардың, дыбыстардың жігі ұштасып жатады. Осыдан барып буындар мен дыбыстардың үлесуі, ығысуы, жаласуы пайда болып отырады және олар қалай болса солай, кез келгенорында кездесе бермейлі. Сондықтан сөз ішіндегі дыбыс ауысуының белгілі заңдылығын есте сақтаған дұрыс. Тіліміздегі буын құрылысының өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар: I. Егер екі буынды сөз дауыстан болса, сөз басындағы жалаң ашық буын өзінен кейінгі ешбір буынның ықпалына түспей, тиянақты түрде окшауланып айтылады; ә-сөм, з-сыл, о-тан, ө-лім, ө-лең. Мұндайда дауыссыз дыбыс өзінен соңғы дауыстымен тығыз байланыста қолданылады да, өзінен бұрын келген дауыстыға қатысы керісінше әлсіз болады. Сондықтан қазақ тілінде ашық буын жиі кездеседі.

2. Егер сөз ішінде жеке интервокаль/екі дауыстының ортасында/ дауыссыз қолданылса, ол дауыссыз өзінен кейінгі дауыстының құрамына өніп, буын түрін құрайды, ашық - а-шық; көнер - кө-нер; өнім - ө-нім; жазық-жа-зық, дә-ре - же - лі; жо-ра - ры т.б./

3. Қосымшалы сөз ішінде интервокаль/дауыстылар арасындағы/ екі дауыссыздың тіркесі келсе, мұндайда эксплозив дыбыс пен импловив дыбыстар арасынан буын жігі пайда болып, қатар тұрған екі дауыссыз екі буынға бөлініп кетеді де, алғашқы тұйық буын құрауға икемделеді. Бұл сияқты жағдайларда көбінесе мағыналы сөз бөлшектерінің /морфемалардың/ буын түрі мен жігі өзгеріске түспеуі де мүмкін: үй-ге: аш-ты.

4. Бір сөз ішінде интервокаль үш дауыссыз қатар тіркескен болса, қазақтың байырғы сөздері еш уақытта екі дауыссыз дыбыстың тіркесінен бастала алмайтыны сияқты, мұндай сөздерді буынға бөлгенде, екінші немесе одан кейінгі буындар да екі дауыссыздан бастала алмайды. Керісінше сөз соңы екі дауыссызға аяқталуы - тілімізде дағдылы жағдай. Сондықтан әдетте алғашқы буынның соңында екі дауыссыз қалып, келесі буын бір дауыссыздан басталады; сертке - сертке; үстіртте, - ус - тiрт- те; шарт-ты т.б./

Демек, әрбір буын жігіндегі кішкене бөлшектер өзінің басталуында не аяқталуында морфемалар ішіндегі дыбыстардың дағдылы артикуляциялық базасына бағынады, онымен тікелей байланысты.

5. Сөз соңы дауыссызбен, әдетте біреу буынның жасалуына жағдай туады. Бұл ретте екі түрлі фонетикалық жағдай дұрыс ажырату өте қажет: бірі - дауыссыздың сөйлеу толқынындағы сөз соңында тұруы; екіншісі - дауыссыздан басталатын сөзден бұрын және паузаның алдындағы сөз соңында келуі.

Біріншісінде, егер, екінші сөз дауысыздан басталса, алдыңғы сөз соңындағы дауыссыз өзінен бұрын дауыстызға тіркесе алмай, өзінен соңғы екінші сөздің басына қарай жылжып ауысып отырады: ер едің - е-ре-дің; жөн екен - жө-не-кен; шешен-ақ - ше-ше-нақ. Демек, мұндай сөздер аралығында тұйық буын жасалмайды.

Екінші жағдайда паузаның алдындағы сөз соңында дауыссыз тұрса, немесе сөйлеу толқынында бір системаға енетін сөздер тіркесінің екінші сөзі дауыссыздан басталса, ондайда не тұйық, не бітеу буын жасалып отырады; тарт, кел, айт, ет, бет; сат.тб.тарт та ал -тарттал.; кілт-пен; ашып көр - а - шып - көр; сөз жоқ - сөз - жоқ; от жақ - от - жақ; үш сом т.б..

6. Бір сөздің морфемаларының /түбірі мен қосымпасының/ ара -

лығында дыбыс ығысу пайда болады

а/ егер түбір сөз қысаң "ы", "і" дауыстымен аяқталып, оған жалғанатын қосымша монофтонг ашық дауыстандан басталса, түбір соңындағы қысаң дауысты, өзіне әкпін түспегендіктен, ығысып /редукцияланып/ түсіп қалады: алты+ау, -- ал- тау; әкі+ау; -а-кеу; жеті+еу, - же-теу.

ә/ түбір сөз қысаң "ы", "і" дауыстымен аяқталып, оған жалғанатын қосымша дифтонгпен "у", "ө", "и" фонемаларынан басталса, түбірінің соңындағы қысаң дауыстылар қосымшалары қосалқы үн элементіне сіңіп кетеді: оқы+у-оқу-о-қу; тоқы+й - тоқи-тоқи; шоқы+у.-шоқу-шо-қу; -оқы+й--оқи-о-қи; бекі+у-беку- бө- ку; бекі+й-бө -ки; зекі+у - зеку - зе - ку; зекі+й - зеки - зеки; Жабай+өв- Жабаев; Мерей+өв - Мереев т.б.

Буын түрлерін, құрамындағы дауысты, дауыссыздардың санын орналасту тәртібін, олардың бір түрінен екінші түріне ауысуындағы заңдылықтарды, ауысу себептерін дұрыс түсіну, сөз тұлғаларын дұрыс ажыратып, дұрыс талдай алуға, грамматикалық морфемалар мен фонетикалық буын түрлері дұрыс тани алуға, жігі мен грамматикалық тұлғалар жігінің бір-бірінен айырмасын түсінуге толық мүмкіндік береді.

Сөздерді буынға бөле білу оларды жазу үстінде дұрыс тасымалдауға жәрдемші болады. Бұл - жазу мәдениетіндегі ең қажетті де маңызды іс.

Қазақтың байырғы сөздеріндегі буын категориясының өзіндік ерекшелігі сол - көп буынды туынды сөздердегі буын түрі, буын саны негізгі сөздік қордағы бір буынды морфемалар мен жалғау -жұрнақтардың /э, ақ, көп, сөрт; - ма; -ла; - шы; -ар; - ның; - лық; -ған; іп; - ы; т.б. о бастағы буын саны мен түрлеріне сәйкес келіп отырады.

Бірақ буын өлшеміне негізгі критерий/шек/ бола алатын сөздің жазылуы емес, айтылуы болғандықтан, қосымшалы сөздерде сөздің бастапқы түбір қалпындағы дыбыстық құрылысы /саны, түрі/ буынға бөлінгенде, өзгеріске түсіп отыруы да мүмкін. Мұндайла сөздердің буын жігі морфологиялық жігі кейде бірдей болып, өзгеріссіз, тең бөліне, кейде олар біріне бірі сәйкес келе бермеуі де мүмкін.

## ДАУЫС ЫРҒАҒЫ /Интонация/

Сөйлем – негізгі синтаксистік бірлік. Өйткені сөйлем ойлау мен сөйлеудің бірлестігінен құралады; басқаша айтқанда, сөйлемнің мағынасы ұғым мен дауыстың ырғағы/интонация/ тұрғысынан тиянақталған ойды білдіреді. Сөйлеу толқынына түскен әрбір жеке дыбыстың элементтің айтылу қарқыны, күші созылықтығы, көтеріңкілігі айқындылығы бірдей бола бермейді. Адам сөйлеп тұрғанда, сөздің дыбыстық құрылысына үстеме, қосынды ретінде суперсегмент элементтер де сөйлеу кезінде қабат жанаса қолданылып отырады.

Әдетте суперсегмент элементтерге екпін мен интонация жатады. Адам сөйлеп тұрғанда, әр түрі грамматикалық көрсеткіштермен қатар /сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, шылаулар, одағайлар, көмекші сөздермен қатар/ әдетте құбылмалы дауыс ырғағы да/интонация/ белсене қолданылады.

Сөйлеуші өз ойының қандай мағынада екенін, яғни бұйырып тұрғанын, өтініп тұрғанын, сұрап тұрғанын, ренішін, қайғысын, шаттығын, жалыншын, өкінішін, күдіктенуін, аянышын, абыржуын, мүсіркеуін, кекесінін, мақұллауын, кумәндануын, таңдануын, көюін, болжалдап долбарлауын т.б.с.с. толып жатқан өзінің ішкі сөзімін білдіру үшін немесе өз ойын тыңдаушысына ерекше әсермен жеткізу үшін дауысын әр түрге құбылтып отырады. Мысалы:

1/ сөздің барлық буының бір қалыпта айтып /-/;

2/ төменнен жоғарылап көтеріп / /;

3/ жоғарыдан төмендетіп бәсеңдетіп / /;

4/ күшейтіп - бәсеңдетіп / /;

5/ бәсеңдетіп - күшейтіп / / т.б. түрде дауысын құбылту

арқылы да өз ойының әсерін, өз сөзімін анықтай, күшейте түседі.

Әр түрлі құбылып айтылған дауыс ырғағы бір сөздің не сөйлем-  
нің мақсатын ажыратуға үлкен үлес қосады: Мысалы:

а/ емтиханды тапсырды / - : жай хабарлау/;

б/ емтиханды тапсырды? // : сұрақ/

в/ емтиханды тапсырды ! / : қуаныш/;

г/ емтиханды тапсырды / - : ренішті / ;

а/ картина басталып кетті / - : хабарлау/;

ә/ картина басталып кетті / : сұрақ / т.б.

## Е К П І Н

### / Акцентуация/

Тілдің сөйлеу нормасына тән еңлігі бір фонетикалық категория -  
экпін. Экпін де бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей ортақ  
қалыптасқан құбылыс. Адам сөйлеп тұрғанда, сөйлем ішінде орналас-  
қан сөздердің буындары мен дыбыстары немесе жеке сөздері біркелкі  
айтылмайды: бір сөзі қалған сөздерге немесе сөз тіркестеріне;  
бір буыны басқа буындарға; бір дыбысы басқа дыбыстарға қарағанда,  
күшті, көтеріңкі, айқын, басым айтылады да, қалған сөздері не буын-  
дары не дыбыстары бәсең, кәйде тіпті күңгірт те айтылады: сөздің  
айтылуына, мағынасына, сөз ішіндегі дыбыстардың сапасына, сөйлем-  
нің мағынасына экпіннің тигізетін әсері күшті болады. Сондықтан  
экпін/жоғарыда айтылғандай/ тіл салаларының бәріне де қатысты,  
Сөйлемдегі сөздің не буынның, не дыбыстың оқшаулануына,

байланысты, бұл категорияның да нақтылы бөлінген түрлері бар.

Жалпы екпін категориясының сөз екпіні / словесное ударение/ ой екпіні/логическое ударение/, тіркес/комплекстік немесе ритмикалық/ екпін, кеңіл күй/эмпфазалық/ екпін леп бөлінетін түрлерінің бірімен екіншісінің айырмасын, ұқсастықтарын, әрқайсысының өзіне тән өзгешеліктерін арнайы білу өте қажет. Сөйлеп тұрғанда, екпінді өз нормасынан ауыстырсақ, сөздің тұрыс айтылу қалпы бұзылады да, сол сөздің мағынасына, кейде тіпті сол сөйлемнің мазмұнына да әсер етуі мүмкін.

Ой екпіні / логикалық екпін/. Сөйлем ішіндегі кеңіл аударуға керекті нақты бір сөзді оқшаулап, бөліп айту сол сөзге ой екпінін түсіру болып табылады. Ой екпіні тұрақты болмайды, өйткені бір сөйлемдегі көз келген сөзге арнайы кеңіл аударылуы мүмкін.

Бір-бірімен мағына жағынан байланысқан әрбір екі сөз әдетте сыртқы тұлғалары ғана байланысып қоймайды, сонымен қатар, сөйлем ішіндегі орын тәртібі арқылы да байланысады. Анығырақ айтқанда, ойдың грамматикалық бастаушы - баяндауыштан бұрын: анықтауышы - езі анықтайтын сөзінің тікелей алдында; толықтауыш пен мақсат, себеп сан-мөлшер, қимыл сын бысықтауыштары толықталатын немесе пысықтатын етістіктердің алдында; мезгіл және мекен пысықтауыштар сөйлемнің басында қолданылуы осы аталған грамматикалық мүшелердің әр сөйлемдегі өзіне тән орын болып қалыптасқан. Мысалы:

"Арманда бұлбұл сайрайды", " Мектепте қазір сабақ жүріп жатыр" деген сияқты сөйлемдерден сөйлеушінің айтайын деген ойын тыңдаушысына жай ғана хабарлау мақсатымен жеткізіп тұрғанын байқауға болады. Өйткені бұл екі сөйлемнің де әрбір грамматикалық мүшелері өдерінін дардылы, қалыпта орындарында тұр. Егер айтушы осын-

даи сөйлемдердің нақтылы бір сөзіне тыңдаушының назарын басымдық аудартып, басқа мүшелерден гөрі сол сөздің мағынасына, мән-жайына көңіл қойғызып, зейінін аудару мақсатымен айтса, әдетте ол сөзді қалыпты орнынан басқа орынға/сөйлемнің басына не соңына, немесе көбіне баяндауыштың алдына/ ауыстырып қолданады. Мұндай сөйлемдегі сөздердің эмоциялық реңк беру мақсатында орын ауыстыру, яғни сөздердің әдейі орындарынан басқа орын тәртібіне көшуі и н в е р с и я деп аталады. Мысалы, жоғарылары екі сөйлемнің мүшелерін сөйлеушінің мақсатына қарай бірнеше түрде ауыстырып айтуға болады:

- 1 а/ Орманда бұлбұл сайрайды;
- ә/ Бұлбұл орманда сайрайды;
- б/ Бұлбұл сайрайды орманда;
- в/ Сайрайды бұлбұл орманда.

- 2 а/ Мектепте қазір сабақ жүріп жатыр;
- ә/ Қазір мектепте сабақ жүріп жатыр;
- б/ Сабақ қазір мектепте жүріп жатыр;
- в/ Жүріп жатыр қазір сабақ мектепте;
- г/ Сабақ жүріп жатыр қазір мектепте;
- д/Сабақ қазір жүріп жатыр мектепте;
- е/ Мектепте сабақ жүріп жатыр қазір т.б.

Әрбір жеке мүшелердің нақтылы өзіне тән орындарын ауыстырып айтудан/грамматикалық мүшелердің инверсиялануынан/ осы екі сөйлемнің негізгі ойы бұзылып тұрған жоқ. Өйткені айтайын деген ой/ орындалған күй-жай, оның мезгілі, орны, әңгіменің не жөнінде екені/ түгеллөй сақталып тұр және сөйлемдердің ауыстырылған түрлерінің бәрі де қазақ тілі үшін дағдылы, үйреншікті. Мұндайда логикалық өкпін сөз құрамындағы дыбысқа, буыңға қатысты емес, бір сөйлемдегі тұтас бір сөзге арнайы мән берумен байланысты қолданылады.

Сөздің сөйлем ішіндегі орны - грамматикалық қатынастың негізгі

бір түрі, сондықтан сөйлемдегі бір сөздің дағдылы, арнаулы орны өзгерсе, ол өзгеріс сол сөйлемге азы-кәпті басқадай ерекше мағыналық мән үстейді: сөйлем мүшелерінің стильдік, логикалық мәні өзгеріп отырады.

Ой екпінін белгілі жағдаймен ғана байланысты пайда болып отырады: а/ екі жағдайда қарама-қарсы қойған кезде/біз онда ертең барамыз, бүгін емес/. Қарсы қойылған сөздердің біреуі ғана дауыс ырғағы арқылы ерекше бөлініп айтылуы мүмкін.

ә/Сөйлем ішінде күшейткіш мәні бар сөздер/күшейткіш үстеулер -өте, тым, тіпті, мүлде, әсіресе, ең едәуір т.б./ белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері/әрбір, кейбір, небір, барлық, күллі, түгел, ешбір, ешкім, ешқайда/; күшейткіш бұйындар арқылы жасалатын сын есімдер /үп-үлкен, сап-сары, кіп-кішкене т.р.с./ келгенде: және сұрау мағыналы сөздер мен сол сұрауға қайтарылған жауап сөзде /емтихан қ а ш а н басталады? - е р т е ñ басталады. Сіз мені ш а қ ы р л ы ң ы з б а? т.б./ ой екпіні пайда болып отырады. Кейде шылаулармен /ыңғайластың, талғаулықты, шектік, тежеу, сұраулық сияқты шылаулар/ тіркескен мағыналы сөздер де ой екпінін қабылдап тұрады/мен де келдім; сен ғой сабақта болдың, ал ол ше?

2. Көңіл күй /эмфазалық/ екпіні. Сөйлеушінің көтеріңкі көңіл күйін, абыржыған ішкі сөзімін тыңдаушыға созылықты дыбыстар арқылы жеткізу тәсілі эмфазалық екпін деп аталады.

Эмфазалық екпін мен ой екпінінің арасында өзіндік ерекшеліктері бар: ой екпіні тыңдаушының зейінін, көңілін арнайы бір сөзге ерекше аударса, эмфазалық екпін ол сөздің мағынасын эмоциялық тұрғыдан толықтыра түседі. Бірінші жағдайда / ой екпінінде/ сөйлеушінің мақсаты көзделсе, екіншісінде оның тікелей сөзімі айтылады.

Эмфазалық екпін сөйлем ішіндегі бір сөздің белгілі бір дыбысын

өрекке көтеріп, құбылту арқылы жасалады. Мысалы, қуаныш, ілтипат қанағат т.б. сөзімдер көбінесе сөз ішіндегі дауысты фонемаға екпін түсіріп көтеру арқылы айтылса/ бэ-э-э-режелді; ке-э-ліңіздер; та-а-ма-ша;/ ал реніш, көп, қынжылау, ашу, қиналу сияқты көңіл күйлері дауыссыз дыбыстың аады=көпті созылыңқы немесе кілт қысқартылып айтылуынан байқалады/дж-жап есіктіі, Отыр-р-р тыңыш! Тарт-т-т қолынды т,б/.

3. Тіркес /комплекстік/ екпіні. Кейде тілімізде бірнеше сөз тізбектеліп барып, түгелмен бір ғана екпінге не болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, кең мағыналы, ұйытқы бір сөздің әр түрлі реңкін нақтылап, жан-жақты түсіндіру мақсатында орналасқан бағыныңқы сөздер өзінің негізгі ұйытқы сөзімен тізбектеліп, бірнеше сөз бір ғана екпінге бағыса отырып, өзара бір-ақ түйдек/комплекс/ құрайды. Екпіннің мұндай түрі тіркес/комплекстік немесе ритмикалық синтагма/ екпін деп аталады. Әрбір комплекстік екпін арқылы бірінен бірін бөліп ажыратуға келмейтін бірнеше сөз түгелдей, түйдегімен бір ғана заттың, не сапаның, түрдің не күй-жайдың, т.б. мағына тұрғысынан ұласқан атын белгілеп, жалпыланған бір-ақ ұғымды білдіретін күрделенген сөздер тобын құрастырады. Бұл жағдай сөйлем ішінде келген сөздердің бір күрделі тобын екінші топтан ажыратып, арасына жік салып; іріктен айтуға мүмкіндік береді; мысалы: "Еріншектік жігітті күл етеді. Мектеп – білім бұлағы". Бұл сөйлемдердің соңғы сөздері айтылуда қатар тізбектеле топталып, күрделенген бір ғана ұғымды көрсетіп тұрғандықтан, сөздердің ара жігі ажыратылмай, түйдегімен бір ғана екпінге не болып тұр. Сонымен, қазақ тілінде мағыналық-грамматикалық топ құрып, айрықта комплекске түсетін мынандай сөз топтары бар:

I/. Қос сөздер/ата-ана. тәлім-тәрбие, бара – бара, мыс –аяқ.

2. Мағыналы сөз бен шылау сөздер /сөн бой: ол ше?, оқу үшін: ай мен күн/;

3. Күрделі сөздер / енбек ет; ән сал; Ақшоқы; көк ала; темір жол/;

4. Жалғаусыз тіркескен анықтауыш пен анықталатын сөздер/білімді адам; Абай көлесі; биік шын; Қара төңіз т.б./;

5. Пысықтауыш пен баяндауыш /оқуға келдік; жақсы оқиды; үйде бол/;;

6. Идиомаланған сөздер/кірпік қақпай, қас қағым сәт; құлақ сал/;

7. Жалғаусыз туратолықтауыш пен баяндауыш/хат жаз; егін ек; мал бақ/;

Тіркес екіні сөйлемдегі сөздерді іріктеп, мағыналы топқа бөліп, күрделенген ойдың мазмұнын жеңілдетіп, тез түсінуге мүмкіндік жасайды. Тіркес екініне енетін әрбір жеке бағыныңқы сөз негізгі сөздік екінінен айырылып қалады. Осымен байланысты комплекс құрамына енген сөздер жеке сөздік екіндерінен айырылып, түйдегімен айтылады. Сондықтан бір тектес құрамындағы жеке сөздердің аралары үзілмей, жігі бірігіп айтылады да, әрбір жеке сөздің қатар тұрған буын, дыбыстары айтылула біріне бірі әсер етіп, тұтас бір дыбыстық бірлестік құрайды, мысалы; айтып отыр - /айтыпотыр/; Аманкелді - /амаңкелді/; сөз жоқ - /сөзжөк/ т.б.

Бір комплекске енген осындай бірнеше сөз жалпыланған белгілі бір мағынада жиі қолданылатындықтан, келе-келе ара жігін мүлде жойып, іргелес буындары, сөз аралығындағы дыбыстары көбінесе өзгеріп, ық-шамдалып, тіпті түсіріліп те қолданылады. Мысалы: алып кел-алпкел, әкел-әкел; алып бар -- алппар -аппар -апар; тура кел -түрагел түрегел; бул жыл - бұлжыл-бұжыл-бұйыл-биыл; олай етпе - олейтпе - ойтпе - өйтпе т.б.

Сөз екпіні. Егер сөз бірнеше буыннан құралса, ол сөздің басқа буындарына қарағанда, бір буыны ерекше бөлініп, көтеріңкі естіледі. Осындай екі немесе көп буынды бір сөздің арасынан бір буынның қалған буындармен салыстырғанда, көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады.

Сөз екпіні – әр сөздің жеке ұғымын, сөздік бейнесін танытатын, сол өзі даралап тұрған ұғымы арқылы бір сөз бен екінші сөздің шегін бөліп, жігін ажырататын негізгі жолдың бірі.

Жалпы, дүние жүзіндегі тілдердің сөз екпіні функциялық сапасы жағынан бір емес. Осымен байланысты сөз екпіні үнді /тоникалық немесе музыкалық/ екпін және лебізді /динамикалық, экспираторлық/ екпін болып негізгі топқа бөлінеді.

Таза үнді екпіні бар топқа жататын серб, литва тілдерінде екпін түскен дауысты үннің созылық түрленген әуені мен қарқын қосылып, күшейе түседі; қытай, корей, дунған, япон тілдерінде үннің /немесе дауыстың/ экпін түскен буын арқылы не жоғары, не төмен, немесе қарқынды құбылып қолданылуы сөз мағынасын дифференциациялап өзгертіп отырады.

Сөз екпінінің екінші түрі – лебізді /динамикалық, экспираторлық/ екпін. Мұның ерекшелігі – бір сөз ішіндегі екпін түскен буын екпін түспеген басқа буындарға қарағанда, созылық, көтеріңкі айтылып, екпіннен алақатаған буындары күңгірт, бәсең естіледі. Сөз ішіндегі екпін түскен дауысты дыбыс фонациялық ауаның күші арқылы немесе демнің экспирациялық қарқынымен күшейтіп айтылады.

Лебізді екпінге Еуропа тілдерінің көпшілігі /ағылшын, неміс, француз, украин, белорус, орыс т.б./ және түгелдей дерлік түркі системалы тілдер /азербайджан, қазақ, өзбек, татар, башқұрт, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, гагауз, ұйғыр т.б./ жатады.

Қазақ, орыс тілдері сөз екпіні жағынан лебізді /динамикалық/

екпінді тілдер қатарына жатқанымен, сөз ішінде екпін түскен дауысты фонеманың ерекшелігіне қарай олардың сөз екпінін тең дәуге болмайды. Өйткені қазақтың байырғы сөздерінде/тек қана қорқу, қуануды білдіретін біраз сөздер болмаса/ екпін түскен дауысты фонема басқа дауыстылармен салыстырғанда, айтарлықтай ерекшеленіп, күшейіп естілмейді, аздап қана көтеріңкі айтылады. Мысалы, "мектепте", "қалаларымыз" деген сөздерде барлық дауыстылар біркөлкі естіліп, тек соңғы буындардағы дауыстылар ғана біраз созылыққырай, ашықтау айтылып тұр. Екпін түскен дауыстының осындай сапасымен байланысты қазақ тілінің сөз екпіні бәсең лебізді/слабоцентрализирующее ударение/ болып есептеледі.

Ал тілімізге орыс тілі арқылы келген сөздердің бір ерекшелігі сол - ондағы екпін түскен дауысты фонемалар өзінің қарқыны, күші, созылыққылығы жағынан басқа дауыстылармен салыстырғанда, анағұрлым көтеріңкі, күшті, бәлсенді, өте айқын түрде айтылады да, екпін түспеген дауыстылар сол сөз ішінде әр түрлі сапалық өзгеріске түсіп, күнгірттеніп айтылады. Мысалы, екпін түскен дауыстымен іргелес тұрған дауысты бәсең айтылса, одан бір буын алас тұрған дауысты күнгірттеніп айтылады; ал одан да алшақтаған дауыстылар мүлде қысқарып, тіпті көмескіленіп кетеді. Мысалы, "берега", "города" деген сөздердің айтылуы "бърига", "гърада" болып, алғашқы буындардағы дауыстылар мүлде қысқарып, тіпті көмескіленіп айтылады. Осындай ерекшеліктерімен байланысты, орыс тілі күшті лебізді/сильноцентрализирующее ударение/ екпінді тіл болып есептеледі.

Осындай ерекшеліктермен байланысты: қазақ тілінде баламасы жоқ орыс тілі арқылы тілімізге ертеректе келген көптеген сөздер қазіргі кездің өзінде соңғы дауыстыларды редукцияланған қалпында жазылып жүр. Мысалы, сутки, сани, серъги, съеты, ботинки, финансы,

шахматы, газеті, база, минута, секунда, область, каникулы, макаронны, пельмени т.б. сөздердің ең соңындағы дауыстылары сөз құрамынан мүлде түсіріліп, шот, финансы, баз, газет, минут, шахмат, облыс т.б. тұрғысында қолданылып жүр.

Халықаралық сөздердің қазақ тілінде осы тұрғыда игерілуіне ана тіліміздің артикуляциялық дағдысы да себепкер болалы. Біріншіден екпінді жоқ ашық дауыстылардың редуциялануына тіліміз төселе қоймаған; екіншіден, байырғы сөздердің барлық дауысты фонемалары /екпінді қабылдап тұрғаны да, одан алшақ тұрғаны да/ айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, көбіне өз сапасын сақтап айтылады; үшіншіден, сөз ішіндегі дауыстылар қазақ тілінде, өзіне екпін түспегендіктен, сөздің мағынасын өзгерте қоймайды.

Халықаралық сөздердегі сөз-екпінді айтула дыбыстар толқынының арасынан мейлінше айқын, көтеріңкі, созылықты естіледі де, екпін түспеген басқа дауыстыларды өзгертуге әсер етеді, бірақ жазуда әлсіреген/редуцияланған/ дауыстылар түбірдегі қалпын сақтайды.

Байырғы қазақ сөздерінің екпінді мен орыс тілі арқылы келген сөздердің екпінді сөз ішіндегі орым, атқаратын функциясы жағынан бірдей емес екендігі жоғары да ескертілді.

Қазақ тіліндегі сөз-екпіндінің орны тиянақты; көбінесе қай сөз табының болса да, сөздің ең соңғы буынын талғайды. Мысалы: "Үздік оқушыларға сыйлықтар берілді" деген сөйлемдегі сияқты; қазақ тіліндегі қосымшалардың көбі сөз-екпінді өз бойына тартып тұрады. Әсіресе, көптік, септік, тәуелдік жалғауларына, сөз таптарының сөз тудыратын және сөз өзгертетін көптеген жұрнақтарына сөз-екпінді әрқашан түсіп отырады. Тек қана кейбір қосымшаларға екпін түспеуі мүмкін, олар:

I/. жіктік жалғаулары: оқушымын, оқушысын, оқушысыз, оқушымыз, оқушысындар, оқушысыздар;

2/ қалау райының жұрнақтары: айталық, көдейік, барайын, айтшы т.б. ;

3/ етістіктің болымсыздықтың жұрнағы; айтпа, барма, жүрме отырма т.б. ;

4/ сым өсімнің - дай/-дей, - тай, - төй/ жұрнағы: үйдей, тас-тай, мұздай, айнадай т.б.

Мұндай сөздердегі сөз екпінін дұрыс қолдану үшін, әр сөз табының арнаулы жұрнақтары мен жалғауларын жақсы ажырата білумен бірге, әрбір қосымшаның түбір сөзге үстейтін мағынасын да дұрыс тану керек.

Орыс тілі арқылы келген сөздерде сөз екпінінің белгісі бір буында тиянақталған орны жоқ: кез келген сөз табындағы түрліше грамматикалық категориялардың әр түрлі буындарына түсе берелі. Мысалы, басқа сөз таптарын былай қойғанда, тек зат өсім тобына жататын сөздерге әйін аударсақ, сөз екпіні:

1/ партия, армия, этика, орган, сетка т.б. сөздердің бірінші буынында;

2/ эмблема, грамматика, троллейбус, фонетика т.б. сөздердің екінші буынында;

3/ телевизор, телеграмма, аудитория т.б. сөздердің үшінші буынында;

4/ абитуриент, гастронс, пейзаж, студент т.б. сөздердің ең соңғы буынында;

Орыс тілі сияқты екпіні тиянақсыз тілдерде лебізді екпін жылжымалы келеді: сөздің бастапқы мағынасынан әр түрлі лексика-грамматикалық туынды мағыналар жасап алу үшін, сөз екпінінің орнын ауыстыру шарт. Мысалы: дерево, озеро / жөкеше түр - екпін бірінші буында;/ деревья, озера / көпше түр - қосымша жалғанумен қатар, бұл сөздердің екпінін екінші буында ауыстыру - шарт/ Пишите/ Пж.,

жөкешө, бұйрық рай-екпін соңғы буында;/; пишите / П ж., жөкешө, осы шақ - екпін бірінші буында;/; сол сияқты: армия - армейский; группа - сгруппировать; телефон - телефонист, журнал - журналистка; друг - друзья; письмо - письменный. Демек, бұл арада фонетикалық көрініс морфологиялық қызмет атқарып тұр.

Қазақ тілінде сөз екпіні соңғы буынға қанша телулі болғанымен, нақтылы /соңғы/ буынды қанша талғағанмен, кейде буын саны екі не одан көп сөздерде сөз екпіні басқа да буындарға түсіп отыратыны кездеседі; соңғы буында тұрып, екпінді езіне кейде қабылдамайтын омоним қосымшалар арқылы көптеген түбір сөздер лексика - грамматикалық өзгеріске түсіп отырады.

Байырғы қазақ сөздерінің /әсіресе қосымпасыз сөздердің/ сөз екпіні негізінен тұрақты. Бірақ етістік категориясының кейбір қосымшалы түрлерінде екпіннің соңғы буыннан жылжытуы, ауытқитын жерлері де болады.

Егер сөз соңы - ма /- ме, - ба/, - бе, - па/-пе/; - шы/-ші/; -мыз /-міз, -быз/--біз, - пыз/ - піз/, - сыз/-сіз/; - лық, - лік/ сияқты қосымшалармен аяқталса, түбір сөзге бұл қосымшалардың екі түрлі грамматикалық мағына үстеп, түбірлес туынды сөздердің лексика - грамматикалық ұғымдарын бүтіндей өзгертіп отыратыны байқалады.

Мысалы:

а/ жарма́ - жа́рма;  
көрме́ - ке́рме;  
басы́па - ба́спа;  
тартпа́ - та́ртпа;  
жаппа́ - жа́ппа;  
бөлме́ - бе́лме;  
ұшпа́ - ұ́шпа;  
қима́ - қи́ма;  
қойма́ - қо́йма;

ә/ малшы́ - ма́лшы;  
болмашы́ - бо́лмашы;  
көрші́ - ке́рші;  
жаршы́ - жа́ршы;  
салшы́ - са́лшы;  
айтшы́ - а́йтшы;  
қойшы́ - қо́йшы;  
ойшы́ - о́йшы;  
тойшы́ - то́йшы;

б/ баламыз - баламыз;	в/ қаласыз - қаласыз;
қаламыз - қаламыз;	панасыз - панасыз;
көшеміз - көшеміз;	көшесіз - көшесіз;
саламыз - саламыз;	баласыз - баласыз;
г/ көшелік - көшелік;	д/ ешкім - ешкім;
көрмелік - көрмелік;	қарамай - қарамай;
баспалық - баспалық;	е/ заттай - заттай;
ж/ судай - будай.	аттай - аттай.

Осы мысалдардағы сияқты, сөз, буын құрамы, дыбыс саны бірдей сөздердің мағыналарын саралап бөлуге қазақ тілінде де сөз екпінің атқаратын қызметі күшті. Мұндайда, әсіресе етістіктің жұрнақтарына екпін түспейтінін есте сақтау қажет.

Омоним қосымшалар мен көмекші сөздердің грамматикалық мағыналарын, олардың түрлерін дұрыс ажырата білу үшін, әрбір тұлғалас түбір мен қосымшаға ерекше көңіл аударып, олардағы сөз екпінін дұрыс пайдалану қажет.

Бірақ сөз ішіндегі екпінің орнын ауыстыру арқылы лексика-грамматикалық мағына жасау - қазақ тілінде негізгі тәсіл болып өсетпелмейді. Өйткені екпінің ауыстыру арқылы әр түрлі мағына тек біран-саран сөздерден ғана жасала алады.

Ал орыс тілінде лебізді сөз екпінінің орнын ауыстыру;

а/ кей сөздерде тек лексикалық мағынаны айқындайды, мысалы: селбауыл-зат есім/-село/отыңды-етістік/; поли/еден/ -поли/киімнің өтегі/; вести / хабарлар/ - вести /жүргізу/; полки/кітап қоятын қабат/ - полки /әскери бөлімшелер/; дорогой /жолмен/ - дорогой /қымбат/;

ә/ кей сөздерде грамматикалық мағынаны айқындайды, мысалы: горы/таулар/-горы/таудың/, берега/жағаның/-берега /жағалар/; , дома/үйлер/ - дома /үйде/; вырезать/кәсіп тастау-

- аяқталған іс / - вырезать /кескілеу - аяқталмаған; қайталанып жатқан іс/.

б/ енді бір сөздерде лексикалық та, грамматикалық та мағыналарды қабат айқындайтын негізгі амалдың бірі болып есептеледі.

Мысалы, пила/ ара - зат есім, жекеше, атау септік/ - вила/ішті - етістік, Ш,ж., " өткен шақ, жекеше/; дорога /жол - зат есім, жекеше, атау септік/ - дорога /қымбат - сын есім, қысқартқан сапалық сын, женск.род./т.б.

Сөз екпінін дұрыс қоя білу - сөйлесіп тұрған адамдардың бір-бірінің түсінуінен басты шарты. Тілімізге орыс тілі арқылы келген сөздердің екпінін дұрыс қоя білмей/алфавит емес, алфавит; климат емес, климат; портфель емес, портфель/ сауатсыздыққа жетелейді әрі сөз мағынасын бұзуға себепкер болады./компас/кемелерде/ - компас /жеке адамдарда;/ атлас/матаның түрі/ - атлас/оқу құралы/, Сондықтан орыс тілі арқылы тілімізге енген сөздерді дұрыс айту үшін, олардың басты-басты айырмашылықтарын есте сақтау қажет.

Көп буынды сөздерде әдетте негізгі екпінге қоса жанама /кван - титатив/ екпін де пайда болады. Мұндайда негізгі динамикалық/сөздің әр түрлі мағынасына ие/ екпін қазақ тіліне көп буынды сөздің ең соңғы буынына түседі де, квантитатив /қосымша немесе мөлшер/ екпін байырғы негізгі түбірлердің соңғы буынында сақталып қалады, мысалы: қалаларымызда, жиналыста. Сол сияқты, халықаралық сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жалғанса, негізгі динамикалық екпін ең соңғы қосымшаға түседі де, квантитатив екпін әр сөздің бастапқы түбірінің о баста қабылдаған буынында сақталып қала берелі, мысалы: армиядағы, радиолан, механикалық, аудиторияларда, Европалан т.б.

Қазақ тіліндегі сөздерді екпін тұрғысынан талдағанда, өзіне екпінді қабылдамайтын кейбір бір буынды шылау сөздердің қолданылу ерекшелігіне де көңіл аудару қажет. Өйткені шылау /энклитика

сөздер өз алдындағы негізгі мағыналы сөздердің екпініне бағынып айтылады/оқыдың ба? сен ше?, айтты ғой, көрген соң т.б./

Кейде әр түрлі эмоциялық мақсатта айтылған көп буынды сөздердің мағыналы бөліктері /күшейткіш буындар - әп-әдемі, таптаза; қос сөздердің күшейткіш мағынадағы бірінші сыңары - қартаң -құртаң, қару - жарақ, бала - шаға; біріккен сөздердің, сөз тіркестерінің күшейткіш сыңарлары/ алғашқы сөздердің соңғы буындарында екпінді тартып тұрады; ете қызық, өшқашан, қай-қайдағы т.б.

### ДЫБЫСТАРДЫҢ ӨЗГЕРІСІ /Изменения звуков/

Адам сөйлеп тұрғанда, сөз ішінде қолданылған дыбыстардың бірібіріне тигізілген артикуляциялық әсерінен немесе басқа да әр түрлі фонетикалық жағдайлармен байланысты толып жатқан дыбыстық өзгерістер пайда болып отырады.

Тіліміздегі фонетикалық факторлар жалпы тіл ғылымының, оның фонетика саласын зерттеуші ғалымдардың дыбыс алмасулары туралы айтқан пікірлері қазақ тіліне де ортақ екенін байқатады. Сондықтан дыбыс алмасулары, олардың түрлері жайындағы жалпы тіл біліміндегі теориялық материалдар қазақ тіліндегі дыбыстық алмасулар да айқындауда жетекші теориядан бола алатынын саналы түрде түсінген жөн.

Сөз ішіндегі фонемалардың өзгеруі негізінде дыбыс алмасулары үш түрде пайда болады. Олар - шектік /позициялық// өзгерістер, игерулі /комбинаторлық/ өзгерістер, игерусіз/спонтандық немесе тарихи лавдныл/ өзгерістер.

### ШЕКТІК /позициялық/ ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл -фонемалардың бір сөз ішінде орналасқан шектің/позицияның/ тигізілген әсерінен пайда болатын өзгерістер. Тіліміздегі кейбір фонемалардың кідірістен /паузадан/ не бұрын , не соң қолданылуы:

кей фонемалардың сөздің я буының нақтылы пегінде /басында, ортасында, соңында/ айтылуы: сөз ішінде екпін түскен буындардан екпінсіз жоқ басқа буындардың алысуына жақын тұруы; қазақ тіліне жат әрқилы дыбыстар қолданылуы сияқты жағдайлар қазақ тілі фонемаларының негізгі өзіндік қасиетін түгел сақтап қалуына әрқашан қолайлы бола бермейтіндіктен, шектік/позициялық/ өзгерістер пайда болып отырады.

Шектік өзгерістер әр түрлі фонетикалық жағдайлармен байланысты бірнеше түрде кездеседі. Қазақ тілінде өте жиі кездесетін мынадай шектік өзгерістерді есте сақтап, оларды дыбыс өзгерістерінің басқа түрлерінен ажырата білу өте қажет.

1. Сөздің ең басында дәнекерленіп қосылып айтылатын сыналық дыбыс/надставка немесе протеза/. Қазақтың байырғы сөйлеу тілінде кейбір сөздің бас пегінде тұрған фонемалардың алдынан артық дыбыс қосып айту кездеседі. 1. Мысалы: рас-ырас, лак-ылак, шкаф-ышкаф, риза-ыриза, леде-іледі т.б. Бұл жағдай қатар екі не үш дауыссыздан басталатын сөздерді айтуда да кездеседі. Мұның өзі "р", "л" немесе екі /сүзілмелі, жұмысқы мен үзілмелі шұғыл/ дауыссыздан басталатын сөздерді айтудағы қалыпсыздықтан шыққан. Бір ескеретін жағдай - "р" "л" фонемаларынан және бірнеше дауыссыздан басталатын сөздер - көбінесе шығыстан, орыс тілінен енген сөздер, ал байырғы қазақ сөздері онша көп емес, /ряд + ірет-ірет; рұқсат-ұрықсат; станция-ыстанция, штаб-ыштаб, звено - ізвено т.б./.

Протеза арқылы сөздерді өзгертіп айту көбінесе егде адамдардың немесе жас балалардың сөйлеу тілінде жиі кездеседі.

2. Дыбыстар аралығында дәнекерленіп айтылатын сыналық дыбыс-надставка немесе элентеза. Қазақ сөздерінің буын құрамында біртектес екі фонема/дауысты мен дауысты немесе дауыссыз бен дауыссыз тіркесі қатар қолданылмайды. Ал орыс тілі арқылы келген халықаралық және арабтан енген сөздердің көпшілігі осындай фонемалардың тіркесінен құралған. Ауызға кі сөйлеу тілінің әдетінде осындай сөздер ішіндегі

дыбыс тіркесінің арасына артық дыбысты қосып айту кездеседі. Мысалы: класс-кыласс, трактор-тырактор, текст-текіст, аброй-абырой; нсруз - наурыз, рли-рылым, поэма-пойэма, теория-тейория, театр-тейатыр, Днепр - Дінепр т.б. Осындай біртектес фонемалардың арасына артық дыбысты сыналап қосып айту эпентезалық құбылыс болып табылады.

3. Сөз соңына дәнекерленіп қосылатын сыналық дыбыс -эпитеза, Бұл да көбінесе ауызекі сөйлеу тіліндегі кездесетін құбылыс. Қазақтың байырғы сөздері/рт,нк,рк,нк,лк,лк,рс,нк тіркестерінен басқа/ бірнеше дауыссыз фонемалардың қатар тіркесуімен аяқталмайды. Сондықтан дауыссыздардың тіркесімен аяқталған басқа тілдерден ауысқан сөздерді айтуда олардың соңына артық дыбыс дәнекерленіп қосылып айтылып отырады. Мысалы: Омск-Омскы, факт-факты, танк-танкі, банк-банкі, фонд-фонды, киоск-киоскі, самовар - самауырын т.б.

Бұл сияқты құбылыс әлеби тілімізге енген кейбір сөздердің жазылуында қалыптасып келеді. Бірақ мұндай сөздерді дұрыс жазу үшін орфографиялық сөздіктерді басшылыққа алу қажет.

4. Клуб-клуб, архив-архиф, рекорд-рекорт, велосипел-велосипет, пуд-пут, биолог - биолок, суд-сот, багаж-багаш, пейзаж-пейзаж деген сияқты сөздердің соңындағы ұяң фонемалардың айтылуда қатаңдануы да шектік /позициялық/ өзгеріске жатады. Мұндай негізгі ұяң фонемалардың ауытқуына әсер ететін жағдай - кішіріспен/паузамен/ тікелей байланысты. Паузаның шектесетін сөз соңы ұяң фонеманың ішкі сапасын сақтап қалуына қолайсыз, өйткені кез келген сөз әдетте күшті қарқынмен айтылып келеді,дә, паузаға тірелгенде, кілт тоқтап аяқталады. Осындай нақтылы шектен, қарқынның әсерінен сөз соңына орналасқан ұяң фонема өз құрамындағы аздаған үн сыңарын мүлде жойып алады да, тек қарқынды салдыр арқылы айтылады.

Ал мұндай сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша қосылса, соңғы қатан дыбыстар қайтадан ұяндап айтылады, мысалы: клуб- клуб-клуба,

архив-архив-архиви, велосипед-велосипет-велосипелі, багаж-бағаш-бағажы, Саид-Саит-Саида, Халил-Халит-Халида; Ғабид-Ғабит; Сәлиғ-Сәлик т.б.

Қазақтың байырғы сөздері жіктік жалғауының 3-жағыммен аяқталса, ең соңғы дауысты фонема, өзіне екпін түспегендіктен, естілмей түсіп қалады. Осындай паузамен шектескен "д" фонемасы/осы нақтылы қарқынды шектің әсерінен/ өзінің үн сыңарын жойып, қатаңданып "т" болып айтылады, мысалы: алады-алат; келеді-келет; естиді-естит; сөйлейді - сөйлейт т.с.с.

Сөздердің айтылуындағы мұндай өзгерістері жазуда, әрине, ескерілмейді.

Б. Шектік өзгерістің өндігігі тір түрі - дауыстылардың әлсіреуі, бәсеңдеуі/редукция/. Сөз ішіндегі дауысты фонема әлетте тек өзіне екпін түсіп тұрса ғана ашық, айқын, көтеріңкі, созылықты айтылады; ал екпінді жоқ дауыстының бәрі дәрлік азды-көпті өзгеріп/бәсеңдеп; әлсізденіп, қысқанданып, күңгірттеніп, көмәскіленіп/ редукцияланады. Мысалы: кітапхана, концерт, блокнот, апельсин деген сөздердегі өз саласын сақтап, айқын естілетіндері - соңғы буындардағы екпінді қабылдап тұрған "а", "е", "о", "и" фонемалары. Ал бұл төрт сөзге басқа дауыстылар екпіннен тыс қалғандықтан, өзгеріп айтылып тұр/күтәпхәна, блякнот, әпільсин,кәнсерт/.

Редукцияның сандық, сапалық леп бөлінетін екі түрі болады;

а/ Сандық редукцияда екпін түспеген дауыстылар айтылуда өзінің тек созылықтылығын қасаңдатып көтеріңкілігін төмендетіп қолданылғанымен, негізгі дыбыстық сапасын өзгертпейді. І. Мысалы: мәрежелік, мағасызданып, балалар, қорытынды деген сөздердің екпін түспеген барлық буындарындағы "а", "е" фонемалары тек азды-көпті қысқандып, бәсеңдеп айтылғаны болмаса, екінші бір басқа дыбысқа айналып тұрған жоқ.

Сол сияқты, екпін түспеген кейбір қысаң "ы", ашық "а" фонемалары тіпті айтылмай қалса да, басқа дыбысқа ауыспай-ақ, мүлде түсіп қалады. Сол сияқты ауыз-ауыз, жиын-жина, өрік-еркі, мойын-мойын, орын-орны дегенде, түбір сөздерге бір буын /тәуелдік жалғауы/ қосылғандықтан, лебізді екпін бастапқы орындарынан сөз соңына ауысып, түбірдің екінші буынындағы қысаң "ы", "і" дыбыстылар редуцияланып тұр. Осы сияқты галлерей, Карпаты, шахматы, контора, минута, газета сөздеріндегі екпін түспеген соңғы дауысты фонемалардың бәрі де ноль вариантқа ауысып, галлерей, Карпат, шахмат, кантор, минут, газет болып қолданылып жүргені де осы позициялық әсерден пайда болған сандық редуция. Сөйтіп, бұл өзгерісте дауысты дыбыстың тек үні және қарқын мен резонанс мөлшері қысқарып, төмендеп, азайып тұр, сондықтан бұл өзгеріс те сандық редуция болып есептеледі.

ә/ Сапалық редуция. Редуцияның бұл түрінде екпін түспеген және екпіннен алшақ тұрған дауыстылар айтылуда өзінің тек үн мөлшерін, созылықтығын, айқын резонанциясын қысқартып қана қоймай, өзінің негізгі фонемалық сапасын мүлде басқа фонеманың сапасына өзгертіп, басқа дауыстыға ауысып айтылады. Мысалы: тұмақ-тымақ, тұнық-тынық, Москва-Маскы-Мәскеу, зоология-зало-гия, морфология- марфология т.б.

б/ Көйде екпін түспеген бір буын түгелдей түсіп қалуы да мүмкін. Мысалы: көмекей-көмей, экзамен - экза; хатты жаз - хат жаз; қолды жуғыш - қол жуғыш, қарызға алма - қарыз алма; қалай өтіп-қайтіп<sup>2</sup> кәйтіп; солай өтіп-сөйтіп, олай өтіп-өйтіп; сондай ма едің? - сондай мең? "оқы" десе, еремін - "оқы" -десе әрем; тасып едің, тәгілгенің - тасып ең, тогілгенің; айтамын-айтам; көлемін - көлем, көремін - көрем т.б. Осы сияқты өзіне екпін түспегендіктен түгел буынның дыбысы калың г а п л о л о г и я деп атайды.

в/ Шектік өзгерістің ендігі бір түрі - элизия. Бұл құбылыста қатар тұрған екі дауыстының біреуі сойлеу кезінде түсіріліп айтылады; а/ қазақтың байырғы сөздерінің құрамында екі дауысты қатар келмейді, сондықтан халықаралық сөздерге кездесетін кейбір "зоология, кооператив" сияқты сөздердегі екі дауыстының айтылуы тілімізге жат болғандықтан және екпіннен алшақ тұрғандықтан, әлете олардың біреуі түсіріліп - "зоология", "кооператив" түрінде айтылады;

ә/ Элизия көбінесе қазақ тіліндегі екі сөздің аралығында кездеседі. Мысалы: Алма арасан, Сары арқа, Қара ой, Сары үйсін; алты ай; екі әріс; ағаеке, атаеке, апәеке; торы ала ат деген сияқты сөз тіркестері "Алмаарасан", "Сарарқа": "Қарой", "Сарүйсін"; алтай "өкәәріс; ағаеке, атаеке/әтке/", "апәеке/апке әпке/", "торалат" түрлерінде айтылуының мынадай себептері бар: 1. Тіркеске енген сөздердің әрқайсысы өздерінің бастапқы ұғымынан азды-көпті алшақтап, бірі екіншісімен ұласа бастайды; 2. Әр сөз жеке сөздік екпіннен айырылып бәрі түгелімен бір ғана сөз/тіркес/ екпініне бағынады; 3. Жеке сөздердің араларындағы кідіріс /пауза/ жойылады, 4. Әр сөз жеке сұрағынан айырылып, бәрі бір-ақ сұраққа жауап береді;

5. Өйткені тіркестегі сөздердің мағыналары ұласа күрделеніп, үшінші басқа ұғымға ауысады. Осындай әрбір алдығы сөздің соңында тұрған дауысты фонема өзіне екпін түспегендіктен, айтуда мүлме жойылып /нольге - сандық редукцияға айналып/ кетеді./

## И Г Е Р У Л І /комбинаторлық Ө З Г Е Р І С Т Е Р

Кез келген фонема кез келген орында қалай болса, солай кез келген алмаса бермейді делік.

Әр сөздің құрамындағы дыбыс қосылысымен түрленіп қолданылу

аясы, лексика-грамматикалық мағыналарының жігі, біріншімен, сол сөздің құрастырып тұрған және фонемаларының әр тектес фонематикалық ерекшеліктеріне және позициялық әсерлерге қатысты болса: екіншімен, іргелес қатар тұрған және фонемалардың бірінің екіншісіне немесе бір – біріне тигізген табиғи ықпалынан да болады.

Демек, (игеруді /комбинаторлық/ өзгеріс тек қана сөз ішіндегі, сөз аралығындағы, сөздің мағыналы бөлшектерінің арасындағы іргелес тұрған /контактылы/ немесе бір-бірінен алшақтап тұрған /дистактылы/ бір фонеманың екінші фонемаға ілгерінді/прогрессивті/, кейінді/регрессивті/, кейде тоғыса келіп/біріне бірі - взаимно/ тигізетін ықпалынан пайда болады. Іргелес не қатар тұратын фонемалар әдетте әр тектес болатындықтан, олар қолданылуында бірі екіншісінің өзіне ұқсамай тұрған жағын/акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне, қарқынына, күшіне, салдырына, үніне, жасалу тәсіліне, жасалу жолына, жасалу орнына, созылықлығына, әуеніне, қолданылу орнына қарай/ ұқсатып, әуендесіп, қиоласып, үндесіп немесе ұқсатпай бірін бірі игере ықпал етіп отырады.

Мұндайда игеретін және игерілетін фонемалар бір-біріне кейде толық жан-жақты ұқсап, үйлесіп қолданылса/полное уподобление; созвучие/ кейде тек бір жақты ғана /не үні, не салдыры, не жолы не тәсілі/ игеріліп, жартылай ұқсап/неполное уподобление/айтылуы да мүмкін.

Әрбір, ықпал әр түрлі болғандықтан, игерулі/комбинаторлық/ өзгерістердің бірнеше түрі болады. Атап айтқанда, қазақ тілінде игерулі өзгерістің мұналай түрлері жиі кездесіп отырады:

1. Ұқсату немесе қиоласу/аккомодация/. Аккомодация үні мен салдыры әр тектес фонемалардың арасында қолданылады; бір сөз ішіндегі дауысты өзімен қатар не іргелес орналасқан дауысызға,

сондай-ақ дауыссыз дауыстыға әйтәуір бір жақты әсер етіп, өзінің ішкі сапа ерекшелігіне сай игеріп айтылады. Мысалы:

1/ Дай, шай, ана, шаш, жәйна; айдал, жана, салам/араб сөздері/ сияқты жуан буынды сөздердің сөйлеу тілінде жәй, шәй, әке, шәп, жәйна, әйел, және сәлем түрлеріне ауысып, жіңішкеріп айтылуы қалыптасып кеткен. Өйткені бұл сөздердің құрамында "ж", "й", "н", "ш", "л" палаталь/тіл ұшы - қатты таңдай немесе тіл ұшы - үстіңгі тіс/ фонемалары осы сөздердегі дауыстыларға тіл ұшының қызме-рі тұрысынан ықпал етіп, өздеріне ұқсатып, тіл арты - жуан фонемаларды тіл алды - жіңішке дыбыстарға өзгертіп, игеріп тұр.

2/ Аянкес, әпәке, әтекес, азар, ажа, уайым, тырнақтап, қартайма, ажым, азар, арырақ, жардам, даража деген сияқты әр тектес фонемалардан құралған сөздердің құрамында да тіл арты фонемаларына қарағанда, тіл алды фонемалары көп, сондықтан тіл арты "а" жуан дауыстыға іргелес /контактылы/ тіл алды - қатты таңдай "й, н, к, с, п" дауыссыздары және алшақ тұрған /дистактылы/ "е" фонемасы әсер етіп, өздеріне жуықтатып, айытлуда осы сөздердің жіңішке/әйеңкес, әпкә, әтке, әзер, әже, уәйім, тірнектел, кәртәйма, әжім, әзер, әрірек, жәрдем, дәреже/ дублет сыңарларын жасап тұр. Ал "атаеке, апаеке" сөздерінің ортасындағы "а", : "е" дыбыстары екпіннен алшақтап, бір тақт қарқанына сипспай, сандық редукцияға айналған /әтке, әпкә/.

3/ Қымыз, Жамбыл деген сөздерді қазақ емес азаматтар Жамбул, кумыс деп айтады, яғни бұл ретте сөз ішіндегі дауысты мен дауыссыз фонемалардың жасалу орны және жасалу жолы бір-біріне сәйкес келмегендіктен, аккомодациялық өзгеріс пайда болып тұр: "м", "б" фонемалары - еріндік әрі ерін мен ерін; жасалу жолы - қабысыңқы. Ал осы сөздердің ішіндегі "а", "ы" фонемаларының жасалу орны - тіл арты; жасалу орны - өзүлік, сондықтан бұл сөздердегі : "м", "б" дауыссыздарының артикуляциялық орны мен артикуляциялық жолы

өздерімен іргелес тұрған тіл арті, әзулік "л" дауыстысына әсер етіп, оларды да еріндік езіп, өздеріне қиюластыра ұқсатып, "кумус" "Жамбул" түрлеріне айтылуларына себеп болып тұр. Бұл сөздердің айтылуында аккомодациялық құбылыстан басқа да шектік өзгерістер бар. "кумус" дегенде, сөздің соңындағы ұяң "з" паузамен шектелгендіктен, өзінің құрамындағы аздаған үн сыңарын жойып, таза салдырлы қатаң - "с" түріне ауысқан; "Жамбыл" сөзін айтуда "Джамбул" деген варианттың сөз басындағы жусыңқы, сүзімелі ұяң "жд" паузадан кейін күшті қарқынмен басталғандықтан, шектік өзгерістің "дж" түріндегі қарқынды бас дыбысқа айналып, африката вариантын жасап тұр.

4. Тол, төл деген екі сөздің құрамындағы дауыссыз "т", "л", фонемалары да бірде жуан /тьоль/, бірде жіңішке /тьоль/ болып есептеледі. Ол бұны құрайтын дауысты /"о" - жуан, "ө" жіңішке/ фонеманың ықпалына байланысты.

Талдаған мысалдардағы дауыссыздардың дауыстыға, дауыстының дауыссызға ықпалы болғанымен, игерілген дыбыстар игеретін дыбыстарға толық ұқсап тұрған жоқ, тек бір жағы ғана палатализацияланып тұр. Сондықтан бұл өзгеріс - жартылай аккомодация.

5. Тіліміздегі кейбір үш вариантты /-а/-е, -й/; - ып/іп, -п/ -ар/-ер, -р/; - і, -сы, - сі/; -ым/-ім/-м/; -ың/-ің -н/; -ыл/-іл -л/ т.с.с. қосымшалар да осы аккомодациялық өзгеріске түсіп қолданылады. Тіліміздің фонетикалық заңдылығы бойынша, бір сөз ішінде тектес/дауысты - дауысты; дауыссыз - дауыссыз /фонемалардың қатар қолданылмайтындығынан, бұл қосымшалардың дауыстыдан басталатындары-дауыстыға аяқталатын сөздерге; дауыссыздар басталатындары, керісінше, дауыстыға аяқталатын сөздерге/ бар -ып, бар-а, бар-ар; қол-ы; сөйле-п; сөйле-й, сөйле-р; ака-сі т.с.с./

аккомодациялық ықпалға игеріле қолданулары қалыптасқан.

П. Ассимиляция /уподобление - үндесу, үйлесу/. Ассимиляция

сөз ішінде, сөз бән сөздің аралығында, мағыналы бөліктердің тіркескен аралығында қолданылады. Аккомодация әр тентес/дауысты мен дауыссыз/ фонемалардың алпак жақтарын ұқсататын болса, ассимиляция ұқсас /дауысты ден дауысты; дауыссыз бән дауыссыз/ фонемалардың ұқсамай тұрған жағдайларына үндестіріп, қиоластырып отырады, мысалы: мектеп-те, жас-тар, үй-ге; бала-лар; жеткішіктер т.б.

Бұл мысалдардағы қосылған жалғау, жұрнақтау түбір сөздерге екі жақты ассимиляцияланып игеріліп тұр: а/ түбір сөздің соңғы буынының не жуан, не жіңішке болумна байланысты, қосымшаның буыны да соған үйлесіп тұр: ел - де, той - да.

Ә/ түбірі сөздің ең соңғы фонемасы қатаң болса, оған жалған қосымша да қатаннан ұяң не үнді болса, оған қосылған жалғау, жұрнақтар да не ұяңнан, не үндіден басталып жалғаналы: ел-де; тас-та, сорғыс - та т.б.

Ассимиляциялық өзгерісте дауыссыздар бір-біріне жасалу орны, жолы, тәсілі, үні мен салдырының қолданылу мөлшері жағынан қиолашып/игеріп, игеріліп/ отырады.

Ал дауыстылар тілдің қатысына қарай үндесіп, әуендесіп қолданылады. Сөз ішіндегі дауыстылардың үндесіп, әуендесуін сингармонизм деп те айтады.

Қазақ тіліндегі сөздер сингармонизм заңдылығының екі түрлі әсеріне игеріле жасалады: I/ өзү немесе таңдай үндестігі/палатаальдық аттракция/: - әр-лер, жас-тар, бала-лық; үндеме-індеме, құбыл-ма, қибылма, тұмар-тымар, шұбар - шыбар, басқұр-басқыр, бұзау-бызау, булақ-былақ, бұлай-былай. тұмақ-тымақ, балмұздақ -

балмыздак, бұлғары- былғары, құмған-қымған, мұздау-мыздау, мұндай-мындай т.с. Соңғы мысалдардың алғашқы буындарындағы қысаң өріндіктер сөйлеу тілінде соңғы буындағы ашық езулік дауыстылардың дистактылы регрессивті ықпалына ұшырай түр. Езу үндестігінен туған кейбір варианттар жазуда да жарыспалы түрде қолданылып келе жатыр/ бұлай-былай/.

2/. Ерін үндестігі/лабиалдық аттракция/ алғашқы буындардағы өрінлік "о", "е", "у", "у", дауыстылары айтуда соңғы буындардағы езулік "н", "і": "е"фонемаларына әсер әтіп, оларды өріндікке айналдырады. Мысалы: отын-отун, өрік-өрүк, әседі-әседі, өрен-өрен, құмық-қүмүк т.б.

Лабиалды аттракцияның да жазуға әсері жоқ.

Ц) Диссимиляция /ұқсатпай өзгерту - расподобление/. Бұл комбинаторлық өзгеріс аккомодация мен ассимиляцияға қарама - қарсы: бір сөз ішіндегі ұқсас екі фонеманың біреуі айтылуда басқа дыбысқа өзгеріп кетеді, мысалы: коридор, секретарь, молла, балалар, бөлмелер, қалалар деген сөздердің құрамында бір тектес үнді /-р-р; р-р; л-л; л-л; л-л/ дауыссыздар екі рет қайталап қолданылған. Бір сөздің құрамында бір тектес фонеманың екі рет қолданылуы қазақ тілінде дағдыланбаған. Осымен байланысты сөз ішіндегі бірдей екі фонеманың біреуін әдетте өзгертіп айту кездеседі: коридор-колидор, секретарь-секлетарь, молла-молда, балалар-баладар; бөлмелер - бөлмедер; қалалар - қаладар; алал-адал, әлде-әлде /араб, татар тілдерінде/ т.б.

Диссимиляциялық игеру де дистактылы, контактылы, прогрессивті, регрессивті түрде қолданылады. Негізгі түбір сөздің құрамында да түбір мен қосымшаның аралығында да кездесе береді. Мысалы: қазақ тілі фонетикасының өзіңлік ерекшелігі бойынша, түбір сөз-

дерге қосымшаның қиыласа, үйлессе, үндесе жалғануы - заңды шарт. Атап айтқанда, егер сөз қатаңға аяқталса, қосымша оған қатаңнан басталып жалғанады/жас-ты, жас-тас; ұмыт-шақ; ұш-қыш/: егер ұяңға аяқталса, қосымша ұяңнан басталып жалғанады/жүз-ге, бағаж-ды/. Осы заңдылыққа сай, түбір сөзді үнді дыбыстармен/л,р,м,н,п, л,у/ аяқталса, оларға да қосымша үндіден басталуға тиісті екені белгілі. Бірақ тіліміздегі көптеген қосымшалар түбірдің соңғы үнді фонемасына бірше ассимиляция жолымен қиыласып игеріле, әнді бірше қиыласпай. диссимиляция жолымен қосылып отырады: мысалы:

а/ жіктік жалғауы:

жәкеше

әжемнің } ассими-  
ақынның } ляция

кәпше

әжеңбіз } диссими-  
ақынбыз } ляция

ә/ септік жалғаулары:

Ілік - әжемнің , ақынның  
шығыс - әжемнен , ақыннан  
көмектес- әжеммен , ақынмен  
барыс - әжеме , ақынға  
жетіс - әжемде , ақында  
табыс - әжемді , ақынды

ассимиляция

диссимиляция

Бұл диссимиляциялық игерудегі қосымшалардың бастапқы дыбыстарында үннен салды басым; ал түбірдің соңғы дыбыстарында, керісінше, салдыңдан гөрі үн басым.

Ассимиляциялық және диссимиляциялық жолмен сөз құрамындағы дыбыстардың тұлғалық ауытқулары ауызекі сөйлеу тілінде кезелеседі. Мысалы: тыңда/ тыңда; шыңла /шыңда, шаңлы/шаңды; маңлай/маңдай,

ғаңлай/таңдай; түндік/түндік; төңлік/төндік; сылтаулат/сылтаурат;  
ықшамдал/ ықшамдан; жұмырық/ жудырық т.б.

Мұндай жарыспалы варианттарда қосымшаның ұяңнан басталып  
жалғануы әдеби нормз болып табылады.

Диссимиляция кейбінесе диалект сөздерде, ауызекі сөйлеу ті-  
лінде кездеседі. Диссимиляциялық игеру сөздің фонетикалық сапа-  
сын ерсі, тұрпайы етіп көрсететіндіктен, тілде сиректеу кездеседі.  
Ал ассимиляция мен аккомодация сөздегі фонемалардың ұқсамай,  
алпақ тұрған жақтарын жақындатып, үйлестіріп, жұмстырып отыратын-  
ныктан. тілде өте жиі қолданылады.

IVJ/Метатеза /орын алмастыру/. Қазақ тілінде кейбір фонемалар  
сөздің көз келген жерінде қолданыла бермейді. Мысалы: п - ер-  
те кездерде сөз басында сирек қолданылған: ң - сөз басында мүлде  
көлмейді; әріндік "о", "ө", "ү", "у", қазақ сөздерінің соңғы буын-  
дарында мүлде қолданылмайды. т.б.

Егер осындай талғампаз фонемалар сөздің морфологиялық құрамын-  
да өздеріне қолайсыз, қалыптаспаған орында келе қалса, сөз  
ішіндегі дыбыстармен тіркесу рет тәртібін өзгертіп, орындарын ау-  
ыстырып айтылады. Мысалы: а/ екпе- екпе; қапқан-қақпан; шәпқы-  
шаппы; жапқыш- жақыш; әкпе-әкпе; төпкі-төкпі; түпкір-түкпір;  
сәпкіл - сәкпіл; ә/ дорба - добра; қолғап - қолбақ; б/ жалаңаяқ-  
жаңалаяқ; жалаңаш - жаңалаш; в / челнок - шөлнәк/метатезамен  
қатар қазақ тілінде аффрикат фонеманың айтылуы қалыптаспағандық-  
тан, сөз басындағы "ч", дыбысы "ш" - ға ауысқан/: челнок-  
шөлнәк - шөлмек / бұл сөздің ортасындағы біртектес тіл-тіс  
үнді дауыссыздардың соңғысы диссимиляциялық өзгеріске ұшыраған/;  
г/ четвәрть-шетвәрт-шәртбәк т.б.

V. Орын бастыру /замещение/. Басқа тілдерден ауысқан сөздер-

дің құрамындағы "в": "ф", "х", "т", "ц", "п" фонемаларының айтылуы қазақ тілінде көпке дейін қиындық туғызып келді. Өйткені ол фонемалардың өзіне тән ерекшелігін толық жеткізіп айтуға қазақ тілінің артикуляциялық базасы қалыптаспаған еді. Сондықтан басқа тілден ауысқан осындай фонемалардың орнына қазақ тіліндегі акустика - артикуляциялық жағынан оларға ұқсас фонемаларды қолдану жиі кездеседі. Әлетте ауызекі сөйлеуге мынадай дыбыстық алмасулар байқалады: в - у, о ; ф-п, б ; ж - к, қ ; ц - щ - с ; ч-ш ; п-й, и, к, қ ; г - кт.б. Мысалы : ватан - Отан; вахит - уақыт; вағлауәле; вакил - уәкелі; Хамид - Қамит; Тапир - Тайыр; гүл-құл; Садиғ- Садық; меджиліс - мәжіліс; Зухра - зора; церковь-шәркеу; суд- сот; повозка - пәуеске; колхоз - қалқоз; газера -кәсит; ряд - рет; фиғы - пейіл; гариб /кәріп; гафу- галу; лазыр - кәзір. рахат - рақат, марлумат - мәлімет т.с.с.

Кейде қазақ тілінің өзіндегі бір фонеманы/көбіне балалардың сөйлеуінде / басқа дыбыспен ауыстырып айту да кездеседі. мысалы: бар - бал; жүр-жұл-жүй т.с.с.

VI. Ықшамдау /ықшылда, опрощение, диялғезы/ . Даусоның фонемалардың кейбіреуі жылдам айтылу салдарынан сөз ішінен түстріліп /ықшамдалып / та айтылады. Мысалы. махаббат - мақабат, ләззят-ләзәт, . Қазақтың байырғы сөздерінен көбіне "л", "ж", "Г" фонемалары үнемделіп айтылады: кигіз-киіз; ол жер - о жер /о йер/; бұл жақ - бұ жақ / бұ йақ/ ; болса - боса; келсе - кесе; пеш-еш ; пар - әр ; ғалам - әлем ; хәл - әл; ғайил - айт; ғұмыр-өмір; ғазиз - әзіз; орыс тілінен : ландшафт - ландшаф; терапевт-терапев; август - арус; турист - турис; съезд - съез; псевд-пөйіз-пөез; Галиасқар - Әлиасқар т.с.с.

Әдетте тез сөйлеудің нәтижесінде жеке сөздердің құрамындағы әр тектес фонемалар сөйлеу қарқынымен үнемделіп, ықшамдалып айтылады. Мұның бірі ассимиляция, аккомодация, диссимиляция, метатезис т.б. фонетикалық заңдылықтар арқылы игеріліп отырады. Бұл айтылғанға жоғарыдағы мысалдар дәлел. Сөйтіп тілдегі сөздер құрамындағы қатар тұрған әр тектес фонемалардың тект, пауза, интонация, дыбыс қарқыны т.с.с. фонетикалық факторлар арқылы түрліше комбинациялық өзгеріске түсуі нәтижесінде әр түрлі фонетикалық вариант вариацияларға ие болып отырады. Мұндай азды-көпті өзгеріске түскер /редукцияланған, әлсізденген, игерілген, бірінің орнына екіншісі орналасқан/ фонемалардан біріне-біріне вариант қатары пайда болып отырады. Мысалы; сайм аз /су әдетте сайға толады/ - саяз /сайыз/, тайыз; қалай өтіп /қайтіп//; бұлай өтіп - бүйтіп /битіп//; бара тұрған / баратұрған/ баратұғын /баратын//; пухозая - бөкебай; квартира - /квөртөр//; пөтер; самовар - самауыр/самауырын - самауықн/ т.б. . Келе - келе мұндай сөздер біртіндеп , ықшамдалған тұлғаға ауыса бастайды. Тіл бітіміндегі үндемеу/ эконсмия/ теориясына сәй, сөз құрамындағы фонемалардың өзгерген вариант қатарларынан кейбір қалайсыз фонетикалық жағдайда ұшыраған дыбыстар, буындар үнемделіп, мүлде түсіп қалуы ма мүмкін. Одан қалған дыбыстан бір-біріне әсер етіп, басқа бір жаңа дыбыстар пайда болып отырады. Сөйтіп, сөз бастапқы дыбыстық құрылысынан, тұрғалық қалпынан, о бастағы сөздің бейнесінен, мүлде өзгеріп кетіуі мүмкін.

### СПОНТАНДЫҚ НЕМЕСЕ ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазіргі қазақ тілінде көптеген түбір сөздер әр түрлі грамматикалық мағынаға ауысқан кезде, олардың құрамындағы кейбір дыбыстар алмасып, ауытқып отырады. Белгілі түбірдегі бір фонеманы басқа ды

ыстық түрге ауыстырмасақ, бізге қажетті лексика - грамматикалық мағына жасалмайды, мысалы: сөз-сөйле; көз-көзде - көр; бау-байла; жап-жабық-жауып - жамыл; жоқ-жоғалды-жойылды; тоқ-тораңды; соқ-соғым-сой; тап-тауып-табылды; сөміз - сөмір; ор - ой; төп-теуіп-тебіп; көп-кеуіп-кебелді; бар-байлық; жақ-жарқыра-жайна; жүр - жүйрік; қымыз - қымыран; жаз-жай/дастарханды/; тығыз-тығыршық; ренжі-ренжіс-реніш-ренжіт; ту-тұқым.

Кейбір сөздердің дыбыстық құрамы ешқандай мағыналық өзгеріске ұшырамай-ақ бірнеше түрге ауысып айтылуы мүмкін. Бұл ауызекі сөйлеу тілінде, жергілікті говорларда жиі кездеседі. Мысалы: сүй-сүйінші - сүйінші-шүйінші; мысық - мышық; патша - патша; сұрау-сұрақ; қыстау-қыстақ; қоста-қоста; шекер - шекер; батыру-матыру; аудар-ақтар; сауығу - сақау; тұзақ - дұзақ; құдағай -қудағи т.б. Тарихи өзгеріске түсетін дыбыстар әр тектес. Жоғарыдағы мысалдардағы негізгі фонемаларды аяқтқып, алмасып қолданылуына қазір ешбір фонетикалық жағдай әсер етіп тұрған жоқ. Дәл қазіргі кезде бұлардың өзгеруіне нақты себеп белгісіз болғандықтан, фонемалар өз-өзінен басқа дыбысқа ауысып тұрған сияқты болып көрінеді. Бірақ тіл дамуының өте ерте кезінде, ежелгі дәуірлердегі тіл заңдылықтарының әсерімен өзгеріп, ұзақ уақыт бойы сөйлеу қалыптасып кеткен құбылыстар болуы мүмкін. Яғни дыбыстардың спонтандық өзгерісі-ескі дәуірдің қалдығы. Мысалы: " жап" деген сөздің әр түрлі грамматикалық мағынаға ауысуындағы дыбыстарға көңіл аударсақ, түбірдің соңғы дауыссызы /"п"/ бірде " у", бірде " б " бірде " м" болып түрленіп тұр. Бірақ осы дыбыстың түрленуі қоршап тұрған фонетикалық жағдайлар /дыбыстар буыны саны, буыны түрі, позиция./ бірдей. " П " фонемасының " б ", " м ", " у " дыбыстық түрлеріне аяқтқып өзгеруі қазіргі кездегі фонетикалық әсерге игерулі емес

Әдібыстардың спондық өзгерісін тек терең этимологиялық талдау негізінде ғана түсіндіруге болады.

Сөз құрамындағы фонемалардың тарихи тұрғыда өзгеріп, ауысу процестерін зерттеу жеке сөздердің этимологиясын, оның бастапқы шығу тегінің, тарихи қалыптасуына, көне дәуірдегі мағынасына танып білуге мүмкіндік береді.

## Ә Д Е В И Е Т Т Е Р

1. А.В. Шерба. Фонетика французского языка. М., 1953 г.
2. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954 ж.
3. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть I/Фонетика/. Москва, 1955 г.
4. Р. И. Аванесов. Фонетика современного русского литературного языка. Москва, 1956
5. М.И. Матусевич. Введение в общую фонетику. Москва, 1959 г.
6. А.Н. Гвоздев. Современный русский литературный язык. Часть I. Москва, 1967 г.
7. А.А. Реформатский. Введения в языкознание. Москва, 1967 г.
8. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Қазіргі қазақ тілі / Лексика, фонетика/. Алматы 1962-1993 ж.
9. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы 1968 - 1994 жж.
10. В.Н. Зинovieв. О ритмико - мелодической структуре казахского языка. Известия АН КазССР, серия филологическая: вып.5.1948 г.
11. В.В. Сепортян. Фонетика турецкого литературного языка. Москва, 1955 г.
12. І Ж. Аралбаев. Қазақ фонетикасы бойынша әтідтер. Алматы 1988
13. Ж. Аралбаев. Вокализм казахского языка. Алматы 1993 ж.

14. Б. Калиев. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы/ Эксперименталды фонетикалық зерттеу/. Алматы, 1984 ж.
15. Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 1966 ж. - 1993 ж.
16. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы . Алматы, 1992 ж.
17. М. Дүйсебаева. Қазақ әдеби тілі орфографиясының кейбір мәселері . Алматы , 1983 ж.
18. В.А. Артемов. Экспериментальная фонетика. Москва, 1956 г.
19. А.С. Чикобаева. Введения в языкознание, Москва, 1952г.
20. Р.А. Будагов. Введения в науку о языке. Москва, 1958 г.

**К. Бейсенбаева**

**Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы**

**Дайындап шығаруға жауаптылар: М. Раматуллаева  
Г. Худайбергенова**

**Басуға 5.І.95 қол қойылды  
Шартты баспа табағы 5,І б.т  
Таралымы 500 дана  
Есепті баспа табағы 4.2 б.т**

**Пішімі 60x84.І/16  
Сұраныс № 267  
Бағасы келісімді**

**Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Оқу әдістемелік  
әдебиеттер жөніндегі республикалық баспа кабинеті.**

**Типография Верховного Совета Республики Казахстан  
480016, г. Алматы, ул. Д. Кунаева 15/1.**